

#КүшімізБірлікте

Менің конституциялық міндетім – барлық билік тармағының келісілген іс-әрекетін және мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



РЕВАКЦИНА – ДҮРЫС ЖОЛ

5

ТӘУЕЛСІЗДІК ИГІЛІКТЕРІ



ОРТАҚ МАҚСАТТАР ҰЙЫМЫ

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға мүшелігіне – 30 жыл

9

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

1.02.2022

Түнде:

-5-7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+1+3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

2.02.2022

Түнде:

-5-7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+1+3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №10 (6145) 1 ақпан, сейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысының «Хабар» телеарнасына берген сұхбаты

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақыт бөліп, қазақстандық БАҚ өкілі ретінде маған сұхбат беруге келіскеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Өйткені, мен Ақордаға сирек келетін, арнайы пұлдың құрамына кірмейтін журналистпін. Соған қарамастан, осындай мүмкіндікке ие болып отырмын. Бұл үшін алғысым шексіз...

– Шын мәнінде, кейінгі кезде сұхбат алу жөнінде маған отандық және шетелдік телекомпаниялардан көп өтініштер түсіп жатыр. Олардың бәрінен бас тарттым. Тек «Хабар» телеарнасына, соның ішінде президенттік пұлға кірмесеңіз де, Сізге ғана мүмкіндік беріп отырмын. Кәсіби мамансыз. Бүгін өте тұшымды әңгіме болады деп сенемін.

2-3



ТАҒАЙЫНДАУ

ШАҒАРҒА ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерболат Асқарбекұлы Досаев Алматы қаласының әкімі болып тағайындалды.



«Ерболат Асқарбекұлы Досаев Алматы қаласының әкімі болып тағайындалсын, ол – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы лауазымынан босатылсын», – делінген Жарлықта.

4

ҚЫСҚА...

- Соңғы 2 жылда ғылымға бет бұрған қазақ жастарының саны 1 мыңға артқан.
- Елімізде жеңілдікпен автотөсіне беретін «Бірінші отбасылық автомобиль» бағдарламасы әзірленеді.
- «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне ата-бабадан мирас боп келе жатқан тарихи, діни-рухани кітаптар мен жазба ескерткіштер табыс етілді.
- Биыл қалада велосипед бағдарламалары орнатылады.
- Алматыдағы тәртіпсіздіктер кезінде шығынға ұшыраған 17 кәсіпкер 33 млн. теңге алды.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТИ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!



(Басы 1-бетте)

– Бүгін, шын мәнінде, тарихи сәт. Себебі, бәрімізді әлі де аландатып отырған қасіретті қаңтар оқиғасынан кейін алғаш рет отандық БАҚ өкіліне сұхбат бергелі отырсыз. «Енді не болады?» деген қобалжу да бар. Мен сол оқиғалар кезінде өзімнің сүйікті қалам – Алматыда, демалыста едім. Яғни болған оқиғаның бәрін өз көзіммен көрдім десем де болады. Расында, терезенің арғы жағында жарылған граната ма, әлде «Калашниковтың» кезекті оқ жаудыруы ма, айыра алмадық. Бәріміз бұл сұмдықтың тезірек аяқталуын тіледік. Сол оқиғалардан кейін біраз уақыт өтсе де, көпшіліктің көкейінде көп сұрақ қалды. Әркім әртүрлі айтып, сан-саққа жүгіртеді. Бұл, шын мәнінде, бұзақылыққа ұласып, бақылаусыз кеткен бейбіт шеру ме, әлде алдын ала жоспарланған мемлекеттік төңкеріс пе? Шын мәнінде не болды?

– Бұл – алдын ала жоспарланған қастандық әрекет. Наразылықтар бейбіт митингілерден басталып, соңы бұзақылыққа, тонаушылыққа ұласты. Осы оқиғалар – кәсіби адамдардың ойластырған және солардың жүзеге асырған жымсық операциясы. Әуелі жұртшылық бейбіт митингке шықты. Демонстранттарға қарсы күш қолданылған жоқ, қолданылуы да мүмкін емес еді. Келесі лекпен олардың орнына жай ғана бұзақылық істеп, полиция қызметкерлеріне сес көрсетіп, тас лақтырып жүрген жастар келді. Артынша үшінші толқын жалғасты. Бұлар арнаулы дайындықтан өткен кәдімгі кәсіби лаңкестер басқарған тонаушылар, кісі өлтірушілер, зорлық жасаушылар еді. Содырлар күштік органдар ғимараттарының орналасқан жерін өте жақсы білген және сол нысандарға шабуыл жасалды. Лаңкестерді материалдық құндылықтар қызықтырған жоқ, оларға қылмыстық істер, құқық қорғау қызметкерлерінің жеке құжаттары керек болған. Яғни бұның өте мұқият ойластырылған, шетелдік содырлар жалданған террористік операция екені анық. Өзіңіз білесіз, олар Алматының әуежайына шабуыл жасады. Қазір тергеу амалдары барысында әуежайды Орталық Азиядағы қалалардың бірінен ұшып келген адамдарды күтіп алу үшін әдейі басып алғаны анықталып жатыр. Сырттан келгендер – арнайы дайындалған содырлар мен олардың командирлері. Лаңкестер гастрбайтерлер ретінде ұшып келіп, шекаралық өткізу бекеттерінен кедергісіз өткен. Сөйтіп, қалаға кіріп жоспарлы операцияларды басқарған. Кейін құқық қорғау органдары күш алып, қайыра соққы бергенде, тез арада сол Алматы әуежайы арқылы ұшып кеткен. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, бұл – жоспарлы түрде жүргізілген операция. Олардың мақсаты – мемлекеттік институттарды жою, конституциялық құрылымға нұқсан келтіру, түптеп келгенде, билікті басып алу. Дегенмен, әлі де тергеу жүргізілуде. Бәрі де анықталады.

Енді «Бұған олар қалай қол жеткізді?» деген сұрақ қойғыңыз келіп отырған шығар. Қазір бұл ауқымды тергеу-тексеру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өкінішке қарай, дәл осындай жағдайда құқық қорғау органдарының нақты әрекет ету алгоритмі болмай шыққаны анықталды.

Мен Мемлекет басшысы ретінде командалық-штабтық, әскери бірнеше оқу-жаттығу жиынына қатыстым. Бұл жаттығулар шынайы жағдайлар, соның ішінде Алматыда болған оқиғалар кезінде ешқандай пайдаға аспады.

Біздің ұстанымымыз – демонстранттарға қарсы қару қолданбау. Полиция қызметкерлерінде атыс қаруы болған жоқ. Оларда тек дыбысты граната, көзден жас ағызатын газ және сумен атқылайтын техника ғана болды. Бірақ бұл машиналарды қолдана алмады. Себебі, бұзақылар тартып алған. Ал содырлар бейбіт демонстранттарға қарсы қару қолданбау жөнінде полиция қызметкерлеріне бұйрық берілгенін білген. Қолдарында тек күрек пен сойыл ғана бар жас десанттар өте қатты зардап шекті. Бұзақылар оларды шешіндіріп, Президент резиденциясына шабуыл кезінде тірі қалқан ретінде пайдаланған. Олар әйелдерді де аямаған, тіпті ешқандай аяушылық сезім болмаған.

Тергеу барысында лаңкестердің қарулы қақтығыс кезінде есірткі тұтынғаны анықталып жатыр. Қақтығыстардың соңына қарай күштік құрылымдар қару қолданып, содырлардың аяқтарынан атқан. Сол кезде олар жараланып құласа да, ауырсынуыды білмеген, тіпті сезбеген. Міне, бұл да олардың өте мұқият дайындалып келгенін көрсетеді.

Бұзақылардың көпшілігі Алматыдағы бес жүлдезді қонақүйде жатқаны анықталды. Олардың ақшасын кім төледі? «Қазақстан» қонақүйінің бірінші қабатында командалық штабтары орналасыпты. Қазір тергеу жүргізілуде. Бірнеше адам сұрақтарға жауап беріп жатыр. Бұрын, тіпті, ойға келмеген деректер ашылуда.

– Осы мемлекеттік төңкеріс жасау әрекетінің артында кім тұр деп ойлайсыз?

– Оны тергеу анықтайды. Алдын ала ештеңе айтқым келмейді және оным дұрыс болмайды. Әлі атқаратын жұмыс көп. Бір айта

кетерлігі, содырлар мен олардың командирлерінің көпшілігі Алматыдан кетіп үлгерген. Бірі ауыл-аймаққа, енді бірі шекарадан өтіп, көрші елдерге қашты. Тағы біреулері бет-әлпетін өзгертіп, бұғып қалды. Сақал-мұртын қырып, сыртқы келбетін өзгертіп ел ішінде жүргендері де бар. Оларды тұтқындаса, «біз жәй өтіп бара жатқан едік» деп байбалам салып жатыр. Олай болмайды. Алматыдағы тәртіпсіздіктердің ауқымын өзіңіз көрдіңіз. Ал жеме-жемге келгенде, бәрі де жай жүргінші боп шыға келеді. Әрине, азаматтарды заңсыз ұстау, оларға күш қолдану деректерінің бәрі тексеріледі. Бұл мәселелерге мұқият қарау керек.

– Әрине, мұның бәрін тексерген жөн.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ

Мемлекет басшысының

Бірақ қазір құқық қорғау органдарының іс-әрекеттеріне қатысты көп сын айтылып жатыр. Сіз оған назар аударып, Бас прокуратураға тапсырма бердіңіз. Дегенмен, әлеуметтік желілерде бейбіт тұрғындарды ұрып-соғып, азаптайды деген жазбалар «желдей есіп» тұр.

– Ондай арыз-шағымдарда асыра сілтеп жібергендер де бар. Әрине, Алматыда болған оқиғаға байланысты алаңдаушылықтарды түсінуге болады. Сондықтан Бас прокуратураға әрбір жағдай бойынша мұқият тексеру жұмыстарын жүргізуді тапсырдым. Бұдан бөлек, белгілі құқық қорғаушы, адвокат Айман Омарова бастаған Қоғамдық комиссия құрылыпты. Оны бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып білдім. Мен бұл шешімді қолдаймын. Шын мәнінде, қайғылы оқиғалар кезінде болған жағдайларды жан-жақты тексеру үшін қоғам белсенділерін тартуымыз керек.

Адам құқығы жөніндегі омбудсмен Эльвира Әзімова мен белгілі құқық қорғаушы Жеміс Тұрмағамбетованың уақытша ұстау изоляторларына барып, ұсталғандармен кездесіп, олардың жағдайларын көріп, арыз-шағымдарын тыңдап жүргенін білемін. Бұл өте пайдалы жұмыс деп санаймын. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың құқықтарының бұзылмауына мүдделімін. Әрбір жағдай жіті тексерілуі тиіс екенін тағы да қайталап айтамын.

– Осы іске жұртшылықтың араласқаны жақсы болған екен. Құқық қорғау органдарына қандай да бір еркіндік берілді. Қалай ойлайсыз, олар асыра сілтеп жібермей ме?

– Біз бұл мәселеде «Сцилла мен Харибда» арасынан өткендей болуымыз керек. Ең алдымен, бейбіт азаматтар мен Алматы тұрғындарына қарсы бұзақылық әрекеттерге қатысқан адамдарды табуымыз қажет. Екіншіден, азаматтардың құқықтары бұзылмауға тиіс. Бұл әрекеттерге мыңдаған бұзақы қатысты деп жаңа айттым ғой. Енді аяқастынан, бәрі «кездейсоқ жүргінші» болып шыға келді. Мен полицияның заңсыз әрекеттерін ақтап отырғаным жоқ. Егер ондай жағдайлар болса, біз міндетті түрде жолын кесеміз. Ішкі істер министрі тиісті ескертпесін алды. Сондықтан мүмкіндікті пайдалана отырып, азаматтарға, Алматы тұрғындарына құқықтарының бұзылмайтынын мәлімдеймін.

– Жырыма мың террорист болды деген дерекке қатысты сұрақ көп. Олар қайдан келген?

– Біріншіден, Алматыдағы бұзақылық әрекеттер бір сағат қана болған жоқ. Полиция департаментінің ғимараты үшін жүргізілген соғыс екі түнге созылды. Полицейлер содырлардың барлық шабуылына тойтарыс берді. Екіншіден, лаңкестер полиция мен әскери қызметшілерді сан басымдығымен алды. Бұл содырлардың өте көп болғанын білдіреді.

Үшіншіден, бандиттер Алматыға полиция блок бекеттері қойылған жақтан, яғни үш бағыттан келіп, талқандап кетті. Полицейлер орын ауыстырып, қайтадан алаңға жиналған. Тағы да қарусыз еді. Мәселенің мәнісі – осында. Енді келіп, бұзақылар аз болды дейді. Шын мәнінде, бұзақылар лек-легімен жүрді. Оларды басқарып жүрген біреулер болды. Бір легі барды да, тонады. Одан соң екіншісі келді.

– Сіз ескертусіз оқ атуға бұйрық бердіңіз. Бұл шешім АҚШ пен Еуропадағы демократиялық қоғамдастықтың алаңдаушылығын туғызды. Мұндай қатаң шешім қабылдауға не түрткі болды?

– Жоғарыда аталған жағдай бойынша құқық қорғау органдары басшыларының нақты алгоритмі, іс-қимыл жоспары болмағанын айттым. Істің мән-жайын бағамдай алмадық. Оны ашық мойындауға тиіспін. Құқық қорғау органдарының басшылары өздеріне жауапкершілік алуға жүрексінді. Жігерсіздік танытты. Мен оларға: «Егер маршал Рокоссовский мен маршал Жуков Сталиннен әрбір іс-қимылдары туралы күнде келіп, рұқсат сұрай

берсе, соғыста жеңер ме еді?», – дедім. Бұл – нағыз соғыс. Жауапкершілікті мойынға алу керек еді. Осыған орай ашық мәлімдеме жасағанға дейін қарулы содырларға қарсы оқ атуға тиіспіз деп айтқан болатынмын. Мен жауапкершілікті өз мойныма алдым. Ал өз мәлімдемеде мұны қайталадым. Өйткені, жауапты адамдар жүрексінді. Дәл осындай жағдайда Мемлекет басшысы жауапкершілікті өзіне алуға тиіс деп ойлаймын. Мен кәсіби дипломатпын. Мұның салдары қандай болатынын білдім. Бірақ мен үшін мемлекеттің мүддесі, азаматтарымыздың қауіпсіздігі бәрінен де маңызды еді. Мен ол кезде Батыстың не дейтіні туралы емес, елімізде тәртіп орнатуды ғана ойладым.



– Жағдайдың шиеленіскені соншалық, Сіз Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгерлік күштерін шақырдыңыз. ҰҚШҰ-ның бітімгерлік операциясы сәтті жүзеге асырылғаннан кейін «Владимир Путинге «қарыздар» болып қалды, енді бірқатар мәселе бойынша оның талаптарына келісуге мәжбүр болады» деген пікірдің бар екені жасырын емес. Мұндай пікірлер Ресейде де, Батыста да айтылып жатыр.

– Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – біздің ортақ ұйымымыз. Қазақстан – осы ұйымға мүше. 1992 жылы оны құруға атсалыстық. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев тиісті бастама көтерді. Сондықтан мен бөтен адамдардан емес, ҰҚШҰ-ны көмекке шақырдым. Демек, мен өзіме, яғни одақтастарымызға жүгіндім.

Екіншіден, ҰҚШҰ бітімгерлік күштерін тарту ісі осы ұйымның келісілген құжатына сәйкес орындалды. Сондықтан бұл заңды деп санаймын.

Үшіншіден, Қазақстанға келген ҰҚШҰ бітімгерлік контингенті бірде-бір оқ атқан жоқ. Бітімгерлік күштер стратегиялық нысандарды ғана күзетеді, қалған мәселені өзіміз шешеміз. Бізге тыл керек деп ең басында келісілген болатын.

Төртіншіден, Қазақстанға бітімгерлік күштердің келгені туралы ақпарат психологиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарғанын, бұзақылардың зәре-құтын қашығарынын түсінген жөн. Мұның үлкен күш екені түсінікті. Айтпақшы, бұл біріккен бітімгерлік контингент. Оның құрамында Ресейден бөлек, Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстан елдерінің әскери бөлімдері де болды.

Ал енді «қарыздар» және тағы да басқа қауесеттерге келер болсақ, бұған қатысты Владимир Путинмен ешқандай әңгіме болмағанын ашық айтамын. Кремль тарапынан да алдын ала ешқандай шарттар айтылған жоқ.

Түптеп келгенде, Қазақстан үшін Ресей одақтас мемлекет. 2013 жылы Екатеринбургте тиісті шартқа қол қойылды. Айтпақшы, мен ол кезде Женевада едім. Сондықтан бұл шартты әзірлеуге қатысқаным жоқ. Онда Қазақстан мен Ресейдің одақтастық қатынастары туралы айтылған. Біздің елдеріміз арасындағы байланыстар Алматыдағы оқиғаларға дейін де әрдайым тығыз, сындарлы, әрі шын мәнінде серіктестік сипатта болды және жалғаса береді.

Мен ақпан айының ортасына қарай Ресей Президентінің шақыруымен Мәскеуге сапармен барамын. Сонда елдеріміз арасындағы ұзақмерзімді ынтымақтастыққа қатысты аса маңызды келісімге қол қоямыз.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, интернеттің қауіпсіздік мақсатында сөндірілгені түсінікті. Осы кезде жұрт ақпарат ала алмай қалды. Түрлі ақпарат тарайды. Енді шын мәнінде не болғанын ежіктеп түсіндіруге мәжбүр болып отырмыз...

– Рас, біз ақпараттық тұрғыдан жеңілгенімізді мойындауымыз керек. Ешкім менің бұйрығымды да, іс-әрекетімді де толық түсіндіре алмады. Кейіннен мен өзім тікелей араласып, ана жерге барып ананы айт, мына жерге барып мынаны айт деп тапсырмалар беруге мәжбүр болдым. Яғни ақпараттық тұрғыдан жеңіліп қалдық, Сізбен келісемін. Алайда, бізде оған уақыт болған жоқ. Өтіп кеткеннен кейін бәріміз ақылдымыз. Ол кезде

біз туралы кімнің не айтатынын ойлайтын шама да болған жоқ. Мұндай жағдайда интернетті Қазақстанда ғана емес, басқа да бірқатар елде өшіреді. Себебі, оны теріс пайдаланды. Бандиттік құрылымдардың командирлері арасында ақпараттық тұрғыдан арнайы дайындықтан өткен адамдардың болғанын атап өту керек. Демек, жалған ақпараттар легі, былайша айтқанда, фейктер үздіксіз ағылып жатты. Бұның Қазақстанға қарсы жан-жақты дайындалғандардың пайдасына жұмыс істегенін тағы да қайталап айтқым келеді.

– Тұңғыш Президентке қатысты тақырыпқа нүкте қойсақ кайтеді. Сіз бен Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арасында қандай да бір келісім немесе уағдаластық болды ма? Өйткені, ол телеарналар арқылы Үндеу жасағанға дейін Сіздердің араларыңызда оның жеке басының және отбасы мүшелерінің артықшылықтарын сақтауға қатысты мәселе саудаға салынды деген қауесет бар.

– Саудаға салу деген мәселе ешқашан болған емес. Жеке басының артықшылықтары жайлы да әңгіме қозғалған жоқ. Тек Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы мәртебесіне қатысты мәселені шұғыл шешу жөнінде әңгіме болды. Жасыратыны жоқ, жағдай ұшығып кеткендіктен, мен халыққа Үндеу жасап, осы сәттен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы екенімді мәлімдейтінім туралы мәселе көтердім. Бұл – сол сәтте шешілген мәселе. 28 қаңтарда Nur Otan партиясының съезі өтті. Сонда мен сөз сөйлеп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи рөліне лайықты баға бердім. Бұл әділ баға деп есептеймін және алдағы уақытта халқымыз осыған тоқтайды деп үміттенемін.

– Митингтер басталған кезде көптеген танымал азамат адамдарды көшеге шығуға шақырды. Жалпы, қоғамдағы түрлі жағдайларға қатысты пікір білдіріп жүретін зиялы қауым өкілдері мен танымал тұлғаларға қатысты Сіздің ойыңыз...

– Тарихтың аумалы-төкпелі сәттерінде зиялы қауымның рөлі айрықша көрінеді. Басымыздан өткен трагедияға қатысты айтар болсақ, зиялыларымыз бен медиа тұлғалар есеңгіреп қалған сияқты. Өйткені, ол кезде ахуал тез өзгеріп жатты. Бейбіт шерушілердің орнына алғашында бұзақылар, кейіннен кәсіби бандиттер келді. Осы сәтте алаңдағы арпалысты кейбіреулер түсінбеді. Мүмкін кейбір бұқаралық ақпарат құралдары бейбіт шерушілерге қатысты жазалау шаралары қолданылды деп, бәрін әдейі бұрмалап көрсеткен шығар. Ал шын мәнінде, бұл қасіретті бастан өткер-



ген біз іс жүзінде басқаша болғанын анық білеміз. Қазақстанға шабуыл ұйымдастырушылар алаңдағы жылдам өзгеріп жатқан аласапыранды әдейі ойластыруы мүмкін. Сөйтіп, жағдайды ушықтырды. Мәселен, қалаға бандиттер кірген кезде Алматы тұрғандары олардың кімдер екенін түсінбестен, «міне жарады, көшеге шықты, билікке қарсылық танытып жатыр» деп ұрандап, қолдау көрсетті. Сол кезде қала тұрғындары содырлардың бүкіл қаланы қиратып, отқа орап кететінін білген жоқ еді.

– Енді сүйікті қаламыз Алматы туралы айтар болсақ, қаланың Алматы, Алма-Ата атауларына қатысты әртүрлі пікір бар. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай? Сонымен қатар, қала әкімі Бақытжан Сағынтаев пен оның орынбасарларына қатысты кадрлық өзгерістер бола ма?

ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛМАЙДЫ

«Хабар» телеарнасына берген сұхбаты

– Ал өзіңіз қалай ойлайсыз? Әкімнің орнында қалғаны дұрыс па, әлде ауыстыру керек пе?

– Сіз 26 мың адам қол қойған петицияны көрдіңіз бе?

– Көрдім. Әкімге қатысты айтар болсақ, ол сол сәтте, шынымен де, абдырап қалды. Өмірінде бірінші рет осындай жағдаймен бетпе-бет келген шығар. Кез келген адам қысылғанда тығырықтан шыға білмейді. Сондықтан әкімді айыптағым келмеді. Ол міндетін адал атқаратын қызметкер. Дегенмен, алматылықтардың пікірлерін де ескеруім керек. Уақыты келгенде біле жатарсыз. Бұл – бір. Екінші, қала атауына қатысты. Қазір шешім қабылдап, барлық құжаттарды қайта өзгертудің қажеті не? Алматы деп атау қазақтілді жұртшылыққа қолайлы, ал орыс тілінде Алма-Ата деп айту ыңғайлырақ. Ендеше былай келісейік, қаланың ресми аты Алматы болып қалсын. Ал қала тұрғындары мен қаламызға бей-жай қарамайтын азаматтар өздеріне қалай ыңғайлы болса, солай атай берсін.

– Сіз бизнесмендермен өткен кездесуде жастардың техникалық мамандықтарға көбірек бейімделуі керек екенін айттыңыз. Ол үшін Ресейде білім алсын дедіңіз. Осы бастаманы сынап жатқандар да бар. Олар неге Батыста емес, Ресейде оқу керек деген ұж айтады. Сіз, шынымен, Ресейдің білім беру жүйесін озық деп есептейсіз бе?

– Ресейде техникалық білім беру сапасы жоғары. Бұл бәріне белгілі. Мысалы, Мәскеуде МФТИ, Бауман училищесі, Новосібір университеті, Томск университеті және басқа да жоғары оқу орындары бар. Әрине, ешкімді міндеттемейміз. Ол жай ғана Ресейге оқуға жіберген дұрыс деген ұсыныс болатын. Біріншіден, тіл мәселесінде кедергі жоқ. Екіншіден, екі ел стратегиялық серіктес, ірі бизнеске қатысты бірлескен кәсіпорындарымыз да бар. Бізге Ресейде оқып, техникалық мамандық алған кадрлар қажет. Кейбіреулер Батыста білім алғысы келеді. Оларға да еш кедергі жоқ. Бірақ ол жақтың білімінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін түсіну керек. Батыстың білімін идеал тұтпас едім. Олардың университеттері де диплом басып шығаратын кеңселерге айналып кеткенін білеміз. Жасыратын несі бар, біздің кейбір жастарымыз Батыстағы «ақшанды төле де, біраз уақыттан кейін дипломыңды ал» дейтін оқу орындарында оқыған. Онысын танымал университет бітірдім деп, тым әсірелеп жібереді.

– Бизнесмендермен өткен кездесуде елімізде әлдебір олигополия қалыптасқанын айттыңыз. Бұл сөзіңіздің астарында не жатыр? Ат төбеліндей аздаған ғана іскерлер тобы экономиканың негізгі секторларын бақылап отыр дегеніңіз бе?

– Иә, шын мәнінде, бұл алаңдататын өзекті мәселе. Олигополия дегеніміз не? Ол – экономиканың негізгі секторларын аздаған адамдар тобының толығымен бақылауы. Өкінішке қарай, бізде осындай жағдай қалыптасқан. Сол аз ғана адамдардың тобы жоғары басшылыққа өте жақын болып, мемлекет тарапынан қабылданатын шешімдерге ықпал еткен. Бұл жағдай бізде де бар.

– Әрине, біз мұны түсіндік. Ал енді не істейміз?

– Жұмыс өте көп. Ең алдымен, орта және шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің санын көбейтуіміз керек. Басқа жолы жоқ. Соларға жағдай жасап, несие ресурстарының қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Біздің экономикаыз соншалықты үлкен деп айта алмаймыз. Қазір суразиялық интеграцияның дұрыс немесе бұрыс екенін саралап отыратын уақыт емес. Қалай болғанда да, суразиялық кеңістікте өмір сүріп жатқанымызды мойындауымыз керек. Сондықтан оған бейімделіп, мемлекет мүддесі тұрғысынан интеграцияның игілігін көруге ұмтылған абзал. Бұл біздің Үкіметіміз үшін ауқымды әрі

өте күрделі жұмыс. Үкімет қызметінің осы бағытына ерекше мән беремін. Бұған жауапты министр Премьер-Министрдің орынбасары деген мәртебеге ие болды. Өйткені, ол Мәскеуде де, Еуразиялық экономикалық комиссия аясында да тең дәрежеде келіссөз жүргізе білуге тиіс.

– Сіз Парламентте сөйлеген сөзіңізде қыркүйек айында әлдебір саяси-экономикалық реформалардың топтамасын ұсына-тыныңызды айттыңыз. Қандай реформалар екенін білуге бола ма? «Егер бірденің өзгертіңіз келсе, одан құтылу керек» деген сөз бар. Бұрынғының бәрін жойып, қайтадан бастаймыз ба?

– Мен кадрлардың бәрін ауыстыруға қарсымын. Біріншіден, оларды біліктілігі мен жұмыстарының сапасына қарай бағалау керек. Жұрттың талабы осы екен деп Үкіметті

жүз пайыз өзгертіп, «Міне, мен келдім, мен – революционермін» деу – менің тәсілім емес.

Екіншіден, кадр да көп емес. Осы орайда мынадай бір әзіл-әңгіме бар, бәлкім, бұл рас болуы да мүмкін. Бірде Берия Сталинге келіп, «Жазушыларға шара қолдану керек. Фадеев ішеді, Шолохов ішеді, Вишневский ішеді, Симонов ішеді, Алексей Толстой да бұдан кетері емес», – дейді. Сталин оған: «Менің басқа жазушыларым жоқ», – деген екен.

Бұл жерде де лайықты министрлерді іздеу керек. Көпешен екіліп тағайындай салуға болады. Ондай жағдай әлем тарихында да бар. Бірақ бұл тұрақсыздыққа әкелуі, бүкіл жүйені шатқаяқтатып жіберуі мүмкін. Сондықтан кадр мәселесіне мұқият болған жөн. Алдағы уақытта жан-жақты ойластырылған, пысықталған өзгерістер жасалатыны анық. Біз, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінің аясында ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалаймыз. Қаңтардағы қайғылы оқиғалар бұл мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетті. Сондықтан осы проблеманы көп созбай шешу қажет.

– Аталған реформаларды жүзеге асыру үшін қанша уақыт керек?

– Реформалардың мәні адамдарды өзгерту емес. Реформалар, ең алдымен, жүйені өзгерту немесе жүйенің кемшіліктерін түзетіп, оның қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізу деген сөз. Алда болатын кейбір оқиғаларға болжам жасай отырып, еліміздегі парламент пен партия жүйесін реформалау жөнінде ойларым бар. Мемлекет басшысы ретінде бұл туралы 28 қаңтарда өткен партияның съезінде айттым. Президент қоғамдық-партиялық және саяси құрылымдардың бәрінен біршама жоғары тұруға тиіс деп санаймын. Әртүрлі қоғамдық-саяси күштерді мемлекетіміздің мүддесіне жұмылдыра білуім керек.

– Иә, бәлкім, елімізде лайықты оппозиция бірте-бірте қалыптасар. Әйтпесе, меніңше, оппозиция деген жай сөз ғана сияқты.

– Әрине, оппозиция бізде бар, бірақ көбінесе көшеде ғана. Сізбен келісемін. Билік партиясының өзінде де оппозиция бар. Бұған дейін айтқанымдай, партия қоғам қажеттіліктерін ескере отырып, қайта құрылуға тиіс. Мәжілісте бірнеше күшті партиялар болуы керек деп санаймын. Тіпті, Үкіметті жасақтау кезінде конституциялық басымдық болмаса, олар ортақ мәмілеге келу керек. Бізге саяси мәдениет қалыптастырып, саяси қайраткерлерді өсірген жөн. Себебі, мұндай экстремистік жағдайларда бізге қоғамдық популизм мен экзальтация қажет емес. Мысалы, Германияда барлығы да мәдениетті түрде өтеді. Партиялар ауысады. Адамдар байсалды сөз сөйлейді. Басқа партиялар оларды тыңдап, белгілі бір мәмілеге келеді. Үкіметтегі негізгі лауазымдарға өздерінің адамдарын ұсынады. Уақыт өте келе, біз де осыған келеміз деп ойлаймын. Мен Президент болып тұрған кезде осы нәтижеге қол жеткізім келеді.

– Шын мәнінде, қазіргі уақытта халық Сізден зор үміт күтеді. Елімізде өзгеріс жасай алатын Президент бар деп түсінеміз. Бұрын мұндайды сезінбейтін едік...

– Бұрынғының бәрін сынап бермейік. Қалай болғанда да, бұл – біздің тарихымыз. Бірақ менің Президент ретіндегі басты міндетім – бүкіл қоғамды және барлық саяси жүйені, соның ішінде экономиканы трансформациялаудың оң нәтижесіне қол жеткізу. Қазақстан халқына арнаған ең алғашқы Жолдауымда саясат пен экономикқа қатар жүретінін айтқан едім. Қазіргі тарихи жағдайда бүгін экономикамен айналысамыз, ал саясат күте тұрады деп айта алмаймыз. Экономикалық жаңғыруды қарқынды жүзеге асыруда саясат та маңызды рөл атқаратыны белгілі. Түптеп келгенде, баршамыз Марксты оқыдық, әсіресе, менің замандастарым. Бұл жөнінде Маркстің: «Негіз – бұл экономикалық базис. Бірақ экономикалық базиске ықпал ететін саяси құрылым бар. Кейде экономикалық базиске қарағанда, саяси

құрылым әлдеқайда маңызды рөл атқарады» деген ой-тұжырымы бар. Сондықтан қоғамды саяси трансформациялаумен қатар экономиканы қайта жаңғыртуды да бірге алып жүру керек. Бұл – менің миссиям. Қанша уақыт Қазақстан Президенті болатынымды білмеймін. Бірақ нақты білетінім, Конституцияға сәйкес екі мерзімнен ұзақ отыра алмаймын. Яғни ешқандай заңға, әсіресе Конституцияға өзгерістер енгізілмейді.

– Сот жүйесіне реформа жасала ма?

– Тұрасын айтайын, сот жүйесіне алаңдау-шылықтың болуы заңды. Қазіргі уақытта реформа жүргізіліп жатыр. Оның қалай және қандай қарқынмен іске асырылып жатқаны – басқа мәселе. Мен кәсіпкерлермен өткен кездесуде бұрын болмаған Әкімшілік істер жөнінде алқа құру туралы айттым. Бұл құрылым кәсіпкерлік мәселелерді, инвестициялық

дауларды қарастырумен айналысады. Қазір біз судьяларды іріктеу кезінде шешуші рөл атқаруға тиіс Жоғарғы Сот кеңесінің мәртебесін біршама күшейтіп келеміз. Судьялар корпусына кәсіби судья емес адамдарды да жібердік. Кәсіби судья әділ төреліктің кепілі деген сөз емес қой. Сол сияқты, корпоративтік сектор мен басқа да салаларға мамандарды жолдап отырмыз. Яғни судьялардың кәсіби құрамына өзгеріс жасау қажет. Оларға қойылатын басты талап – адалдық пен әділдік.

– Сіздің бастаманыңбен құрылған «Қазақстан халқына» қорының қамқоршылық кеңесі жасақталды. Қазірдің өзінде 20 миллиард теңгеден астам қаржы түскен. Мүмкін, оның жұмыс істеу тетігі әлі де нақтыланбай отырған шығар. Өйткені, олигархтар қорға ақша аударуға асығар емес. Бұл үрдіс тұрақты болу үшін оларға қатысты қандай да бір шара қолданыла ма?

– Қазіргі кезде Қордағы ақша 20 миллиардтан әлдеқайда көп, шамамен 50 миллиард теңгедей. Мен Қордың жұмысына араласпаймын. Бұрынғы Қаржы министрі Болат Жәмішев Қордың басшысы болып тағайындалды. Қамқоршылық кеңесі бар. Олар қоғамдық бастама бойынша жұмыс істейді. Менің жұмысым Қорға жарна түсіру ісіне ықпал ету және бұл жөнінде өзімнің ұстанымымды айттым. Біріншіден, бұл – салық емес, қайырымдылық. Бірақ әрдайым оның да белгілі бір параметрлері болуы керек. Үкімет салық салынатын табыстың 3 пайызы деп белгіледі және бұл тек ірі бизнеске ғана қатысты. «Қазақстан халқына» қоры науқас балаларға, бұқаралық спортқа, оның ішінде ауылдық жерлердегі балалар спортына дамытуға, Алматыны қалпына келтіруге, мәдениетті өркендетуге және басқа да ірі шараларға көмектеседі. Бұл мәселелермен Қамқоршылық кеңесі айналысады.

– Тағы бір мәселе. Еуропарламент Қазақстандағы оқиғалар бойынша қарар қабылдап, халықаралық тергеу жүргізуді талап етуде. Бұл құжатқа қатысты Сіздің пікіріңіз және Еуропарламент институтына көзқарасыңыз қандай?

– Институт ретінде Еуропарламентке деген көзқарасым дұрыс. Осы құрылымға мүше болу мемлекеттерге қаншаға түсетінін адамдар білсе, онда бұл институтқа деген сыни көзқарастары күшейе түсер еді. Бірақ бұған тоқталғым келмейді. Өйткені, бұл – Еуропалық одақтың мәселесі. Егер олар мұндай институт қажет деп санаса, өздері білсін.

Қарар ештеңеге міндеттемейді. Ұсыныс ретінде айтылған. Қазақстанға қатысты екінші рет қарар қабылданып отыр. Мұны мүлдем объективті емес және күні бұрын қабылданған құжат деуге болады. Сондықтан бұл қарарға бола еш алаңдамаймын. Қазақстандағы оқиғаларға қатысты халықаралық тергеуге келетін болсақ, мұндай тергеу жүргізудің қажеті жоқ деп есептеймін. Өзіміздің де қолымыздан келеді. Бізде де адал әрі әділ мамандар бар. Бүгін ол азаматтардың біразының аттарын атадым. Бұл комиссияларды құруға мен де және менің әкімшілігім де қатысқан жоқ. Өздері ерікті түрде осындай институт құруға шешім қабылдады. Жұмыс істесін. Өйткені, мен де ақиқаттың ашылып, шындықтың айтылуына мүдделімін.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл қарардың қабылдануына лоббистер түрткі болған. Лоббистер – кезінде Қазақстанның қыруар ақшасын қалтасына басып шет елге кеткендер. Қазір олар сол ақшаларын елімізде түрлі шерулер ұйымдастыруға жұмсап, «қаншалықты жаман болса, соншалықты жақсы» деген қағидаға сүйенетін адамдардың тапсырысымен жұмыс істейді. Мен бұларды Өзбекстанның олигархтарымен салыстырамын. Шет елде мол қаражат тапқан олар өздерінің тарихи отанына келіп, Өзбекстан Президентінен «Өзбек халқына не істей аламыз, қандай көмек

керек?», – деп тапсырма сұрайды. Содан кейін өз қаражаттарына ауруханалар, инфрақұрылымдар салады. Елімізде отырып немесе шет елде жатып, өз еліне шабуылдайтын біздің олигархтардың өзбек олигархтарынан айырмашылығы міне, осындай.

– Соңғы кездері синофобиялық пікірлер байқалып жүр. Кейбір адамдар Қытайдың Қазақстан экономикасына қатысуына наразылық білдіруде. Қытаймен арадағы ынтымақтастықтың сипаты өзгере ме? АҚШ-пен қарым-қатынасымыз қалай өрбімек? Байланыстарымызға сызат түсуі мүмкін бе?

– Қытайға қатысты айтар болсақ, көршіні біз тандамаймыз. Қытай, ең алдымен, біздің Құдай қосқан көршіміз. Екіншіден, Қытай – экономикалық даму жағынан орасан зор табысқа жеткен ел. Жоғары технология, жасанды интеллект тұрғысынан алып қарағанда, алдыңғы қатарда тұрған мемлекет. Әрине, Қытаймен ынтымақтастық жасауымыз керек. Біз Қытайдың нарығына тәуелдіміз. Елімізде стратегиялық өнімдер шығаратын ірі кәсіпкерлердің бәрі қытай нарығына үміт артады. Бұны жокқа шығару дұрыс емес. Қытайға қарсы шеру өткізетіндер өздерінің саяси мақсатын жүзеге асырғысы келетіні анық. Бәлкім, олар экономикамызға не қажет екенін мүлде түсінбейтін және экономикалық шынайы ахуалдан хабары жоқ адамдар. Әйтпесе, әлемдік қоғамдастықта геосаяси қақтығыстар жүріп жатқан қазіргі кезде оларға қандай да бір қорлар мен құрылымдардан ақша төленуі де мүмкін.

Жуырда өткен «Орталық Азия – Қытай» саммитінде былтырғы 11 айдың ішінде екі ел арасындағы сауда айналымы 17 миллиард долларға жеткенін айттым. Бұл – маңызды көрсеткіш. Біз Қытаймен арадағы сауда-экономикалық, инвестициялық серіктестікті одан ары дамытуға мүдделіміз. Қытайды тануымыз және қытай тілін үйренуіміз керек. Әрине, бұл «ақ жалау көтеріп, алдынан шығу» деген сөз емес. Біз Қытайдың үлкен әрі ұлы мемлекет екенін және екі елдің өте жақсы қатынаста болуы керектігін түсінгеніміз жөн.

Ал АҚШ-тың қазіргі әлемде маңызды рөл атқаратыны баршаға мәлім. Біз энергетика саласы мен ядролық қаруды тартпау мәселесі бойынша әрқашан ынтымақтастықты дамыту бағытын ұстандық. Қазақстан бұл бағытты жалғастыруға дайын.

– Сіз шынымен де мемлекет мүддесін жеке қарым-қатынасыңыздан жоғары қоясыз ба?

– Осы соңғы оқиғалар мемлекеттің мүддесін бәрінен жоғары қоятынымды көрсетті деп ойлаймын. «Платон менің досым, бірақ ақиқат қымбат» деген сөзді көпшілікке ұнау үшін айтқан жоқпын. Бұл бос сөз емес. Шын мәнінде, Президент үшін мемлекеттің мүддесі қашанда бәрінен жоғары тұруы керек деп есептеймін. Менімен жақсы қарым-қатынастағы адамдардың да құлағына алтын сырға. Егер таразы басында мемлекеттің мүддесі тұрса, онда мен бұл қатынастан бас тартуға тиіспін.

– Адам тірлігінен қиын ғой. Олай істеу мүмкін бе?

– Мемлекет басшысының міндеті – аса күрделі шешімдер қабылдау. Біз бүгін құқық қорғау органдарына қарулы бандиттерге байланысты берген бұйрықтың туралы айттық. Әрине, мен өзіме және беделіме нұқсан келтіретін шешім қабылдамадым. Әлемдік қауымдастық алдында мінсіз тұлға болып, қол алысып, сөз сөйлеп жүре берген, әрине жақсы. Ал сынға ұшыраған оңай емес. Сөз мемлекеттің қауіпсіздігі туралы болып отыр. Ең алдымен, өз азаматтарымыздың амандығын ойлаған абзал. Бұл мәселе үнемі Президенттің жадында болуы керек.

– Жұртшылықтың басым көпшілігі еліміздегі тәртіпсіздіктер мен іске аспаған төңкеріс кезіндегі Сіздің шешіміңізді қолдады. Жақсы баға беріліп жатыр. Қазақтың бір ақыны сізге өлең арнады. Біз осы бәзбаяғы қалпымызда жүрген жоқпыз ба? Мұндай жағдайды бастан өткердік қой. Жалпы, мадаққа қалай қарайсыз?

– Мен бұған қарсымын. Өйткені, мақтау, мадақтау сөздері мүлде жоқ ортада өстім. Мен мұндай жағдайларды қолдамаймын. Мақтау сөздерге табиғи иммунитетім бар дей аламын. Бірақ біздің кейбір зиялы қауым өкілдерінің көзқарасын өзгерту оңай емес. Әрине, олар мүлде басқа ортада өсті. Мақтау сөздер мен мадақтың еш қажеті жоқ.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгінгі сұхбатыңыз үшін алғысым шексіз. Бәріміз қызығы мен шыжығы көп уақытта өмір сүріп жатырмыз. Қазақстанның бірде-бір тұрғыны жауапкершіліктен қашпайды. Өйткені, қазір мұны біз үшін біреу істейді дейтін заман емес. Бәріміз үшін елімізді жақсы жағына қарай өзгертетін, жайлы өмір сүруге ұмтылдыратын оңтайлы сәт туды деп ойлаймын.

– Өмірге деген осындай оптимистік көзқарасыңыз үшін рахмет.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.



ТАҒАЙЫНДАУ

ШАҒАРҒА ЖАҢА
БАСШЫ КЕЛДІ

(Басы 1-бетте)

Ерболат Асқарбекұлы 1970 жылы Алматы қаласында дүниеге келген.

1987 жылы қаладағы Республикалық физика-математикалық мектеп-интернатын бітірген. Алматы энергетикалық институтын, Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетін тәмамдаған.

1997 жылы «Тұран Өлем Банкі» ЖАҚ басқарма төрағасының орынбасары, «АТФ Банк» ЖАҚ басқарма төрағасы лауазымын атқарған;

1998 жылы ҚР Премьер-Министрінің кеңесшісі қызметінде болды.

1998 жылы ҚР Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі лауазымын атқарған. Ал 2000 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі;

2001 жылы Қазақстан Даму банкі Директорлар кеңесінің төрағасы;

2001–2003 жылдары ҚР Табиғи монополиялар, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігінің төрағасы ретінде қызмет атқарған.

2003–2004 жылдары – ҚР Қаржы министрі; Қазақстандағы Еуропалық қайта құру және даму банкінің басқарушысы; ҚР Ұлттық Банкінің басқарма мүшесі;

2004–2006 жылдары ҚР Денсаулық сақтау министрі.

2006–2012 жылдары «Қазинвестбанк» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;

2012 жылғы 25 қыркүйектен бастап ҚР Экономикалық даму және сауда министрі;

2013 жылғы 16 қаңтардан бастап ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі;

2014 жылғы 6 тамызда ҚР Президентінің №880 Жарлығымен ҚР Ұлттық экономика министрі болып тағайындалды. Ал 2015 жылғы 30 сәуірде ҚР Президентінің №5 Жарлығымен ҚР

Ұлттық экономика министрі болып қайта тағайындалды.

2016–2017 жылдары «Бәйтерек» ұлттық холдингінің басшысы.

2017 жылғы 29 тамызда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары болып тағайындалды.

2017 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушы Т.Тоқтабаевтың «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» №824 бұйрығына сәйкес «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

2019 жылдың 25 ақпанында Елбасының Жарлығымен ҚР Ұлттық банк төрағасы болып тағайындалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАЛАҚЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен қаңтар айынан бастап мектеп және колледж педагогтары, балабақша тәрбиешілері мен қосымша білім беру жүйесі қызметкерлерінің жалақысы тағы 25%-ға көтерілгені белгілі.

ҚОСЫМША ТӨЛЕМДЕР
САНЫ АРТТЫ

Қаңтар айының ортасында екі есеге көбейген жалақы мұғалімдердің қолына тиді. Сондай-ақ, мұғалімдерге берілетін қосымша төлемдердің де мөлшері артты. Мұндай қосымшаларға біліктілік санаты үшін (лауазымдық жалақының 30%-ынан 50%-ына дейін), магистр дәрежесі үшін, ағылшын тілінде пәндерді жүргізгені, дәптерлер тексергені, сынып жетекшілігі және тәлімгерлік үшін төленетін үстемеақылар жатады.

Жалпы, педагогтардың жалақысы оқу жүктемесіне, білім деңгейіне, біліктілігіне, жұмыс өтілі мен магистр дәрежесіне қарай, басқа да қосымша ақыларға байланысты есептелетін. Мәселен, былтыр магистрлік

дәреже үшін үстемеақы қосылса, биыл әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне магистр дәрежесі үшін де қосымша ақы белгіленіп отыр. Сондай-ақ, дене шынықтыру мұғалімдеріне сабақтан тыс уақытта қосымша спорт секцияларын өткізгені үшін төлемдер қосылды.

Сонымен қатар, осы жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында кітапханашылар, бухгалтерлер, зертханашылар және білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің жалақысы өсті. Биыл олардың жалақысы орта есеппен 20 пайызға артты. Жалақы мөлшері жыл сайын Президент Жолдауы шеңберінде өсіп отыратын болады.

БІЛІМ

Онлайн оқуға болады

Еліміздің Білім және ғылым министрлігі жоғары білім беру жүйесіне онлайн оқыту түрін енгізді.

Елімізде алғашқы рет ашылып отырған онлайн университеттерге 5 мыңға жуық грант бөлініп, оның 60 пайызы техникалық мамандықтарға бөлінетін болды. Сонымен қатар, «Болашақ» бағдарламасының бағы-

тын өзгерту және реформалау жұмыстары басталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз экономистерді, заңгерлерді, менеджерлерді көп дайындаймыз. Қазір техникалық бағыттарға ден қоюымыз керек. Жастарымызды оқуға, оның ішінде Ресейге, мүмкін ең алдымен Ресейге, белгілі техникалық жоғары оқу орындарына жібереміз», – деген еді.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Жаңаны
жатсынбайық

Қазақстанда цифрлық білім беру саласында педагогтардың тек 50%-ы базалық компьютерлік сауаттылықты пайдаланады екен. Яғни бұл мұғалімдердің тек 13%-ы цифрлық құзыретке ие екенін білдіреді.



Сондықтан оқу процесін заманауи, қолжетімді, ең бастысы, балаларға түсінікті етіп жеткізу үшін республиканың барлық мектептерінде білім беруді трансформациялауға жол ашу мәселесі туындап отыр.

«EdCrunchAcademy» заманауи білім беруді дамыту институтының мамандарының айтуынша, қалалық «Digital Ustaz Almaty» байқауы Алматы қаласының мұғалімдерін ерекше ынталандырып, екі мыңнан ас-

там педагогтың халықаралық сарапшылардан білім алуына өз септігін тигізді. Бұл ретте мұғалімдер SMM және блогинг, цифрлық қауіпсіздік негіздерін, инфографиканы құруды үйренді. Контент-жоспарлар құру және медиа материалдармен жұмыс істеуден басқа, тәжірибесі бар әріптестерімен вебинарлар өткізуді де меңгерді.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

ШОБ-қа КӨМЕК

Өтемақылар
берілуде

Шағын және орта бизнес субъектілеріне келтірілген залалды өтеуге арналған өтінімдерді қарау жөніндегі өңірлік комиссиялар кәсіпкерлерден түскен өтінімдерді белсенді түрде қарап жатыр.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Биылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша «InfoKazakhstan.kz» электрондық платформасы арқылы Алматы, Шымкент қалаларынан, Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарынан залалды өтеуге 2000-нан астам

өтінім берілді. Залалды өтеу тетігі өтінімдерді оңайлатылған тәртіп негізінде және сот сараптамасының қорытындылары негізінде өтініш берушінің қалауы бойынша қарауды көздейді. Алматы қаласында сараптамаларды жедел жүргізу үшін 33 сарапшы жұмыс істейді, 68 сот сарапшысынан тұратын қосымша резерв құрылды. Өңірлік комиссиялардың жұмысы ая-

сында оң шешімдер қабылданды, алғашқы өтемақылар өтініш білдірген бизнесмендердің есеп-шоттарына аударылды. Мәселен, Алматы қаласында 17 кәсіпкер жалпы сомасы 33 млн. теңгеге төлем алды. Үкімет бизнестің қызметін қалпына келтіру мақсатында оларға келтірілген залалды жедел өтеу жөніндегі жұмысты одан әрі жалғастырады.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

Бағдаршамдағы өзгеріс

Алматыда велосипед бағдаршамдары пайда болады. Алматы қалалық Әкімшілік полиция басқармасы жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсарту және қауіпсіз жол инфрақұрылымын құру бойынша 2022 жылға арналған жоспарларымен бөлісті.



Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Жоспарланып отырған жұмыстар:

– бейімделгіш басқару режимінде Алматы қаласы бойынша ЖҚБАЖ құрамына енгізе отырып, 30 бағдаршамның құрылысын аяқтау;

– бейімделгіш басқару режимінде Алматы қаласы бойынша ЖҚБАЖ құрамына енгізе отырып, 70 бақыланатын жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысын аяқтау;

– Алматы қаласында реттеудің қосымша құрал-

дары бар 70 реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысын аяқтау;

– 70 көшеге 200 мың шаршы метр жол таңбалау сызығын салу жоспарлануда;

– 3843 дана жол белгілерін орнату және қалпына келтіру;

– апаттық-қауіпті аймақтарда 5 мыңнан астам метрден жол қоршауын орнату;

– арнайы бағандарды орнату – 2 мың дана;

– веложолақтармен (веложолдармен), велосипед бағдаршамдарымен 65 бағдаршамды толық жабдықтау.



БРИФИНГ

Алматы қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел ҚАЛЫҚОВА Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте шаһарда эпидемиологиялық аухалдың 27 қаңтардан бері қарай тұрақты келе жатқанын айтты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Балалар жиі ауыра бастады

«Жалпы, бұл тұрғыда Алматы тұрғындарына жауапкершілік танытқаны үшін алғыс айтқым келеді. Өйткені, бір апта ішінде қайта вакциналанғандардың саны 42 мың адамға (немесе 36%-ға) артты. Бұл халық арасында жұмысды иммунитетті 56,8%-ға дейін көтеруге мүмкіндік берді. Ал бұл өз кезегінде дерттің одан ары өршімеуіне әсер етті. Осы қарқыннан таймасақ, біз тезірек «қызыл» аймақтан шығып, бұрынғы өмір ағысына орала аламыз. Қаңтар айында КВИ аурушандығы алдыңғы аптадан 40%-ға, ал жыл басынан бері 18 есе өсті», – деді Ә.Қалыкова.

Сонымен қатар, ол науқастардың жас мөлшеріне талдау жасап, 20–39 жас аралығындағы адамдардың үлесі 40%-дан 35%-ға дейін төмендегенін, бірақ әлі де ең жоғары болып отыр-

ғанын жеткізді. Олардан кейін 40–59 жас аралығындағы адамдар арасында сырқаттанушылық жоғары екен – 26%, 60 жастан асқандар көрсеткіші – 22%.

«Өткен аптада 14 жасқа дейінгі балалар арасында инфекцияның 5,4%-ға және жасөспірімдер арасында 1%-ға, сондай-ақ 60 жастан асқан адамдар арасында 3%-ға айтарлықтай өсуі тіркелген. 1 жасқа дейінгі балалар арасында, керісінше, 450-ден 438 жағдайға дейін аздан төмендеу байқалады, бірақ барлық бала арасында олардың үлесі айтарлықтай – 22,8%», – деп атап өтті спикер.

Ashyq-тың көмегі көп

Брифинг барысында спикер Ashyq арқылы «қызыл» және «сары» мәртебесі бар 1255 адам анықталғанын атап өтті.

Ә.Қалыкова карантиндік шектеу шараларын жеңілдету мақсатында биылғы жылдың 27 қаңтарынан



мынадай өзгерістер енгізілгенін жеткізді. Мәселен, Ashyq жобасына қатысатын объектілер үшін жұмыс және демалыс күндеріндегі уақыт бойынша жұмыс режимі белгіленбейді. Эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес өңірлердегі келушілерде бейтарап («көк») немесе қауіпсіз («жасыл») мәртебесі болған жағдайда Ashyq жобасына қатысатын объектілер үшін: «жасыл» аймақта – шектеусіз қызмет; «сары» және «қызыл» аймақтарда – объектілердің толымдылығы бойынша шектеулері бар.

Ал Ashyq жобасына қатысатын объектілер үшін қызметкерлер мен келушілерде қауіпсіз («жасыл») мәртебе болған жағдайда (вакцина немесе ревакцина, теріс нәтижесі бар ПЦР-тест сынамааларды іріктеу

сәтінен бастап 7 тәуліктен асырмай, тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, соңғы 3 ай ішінде ауырып жазылған адамдар) эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес эпидемиологиялық қатер аймағына қарамастан – шектеусіз қызмет етеді.

«Ата-аналардың өтініші бойынша 1–4 сыныптар штаттық форматта оқиды. Сонымен қатар, 660 балаға дейінгі мектептер дәстүрлі түрде оқиды. Ал 600-ден астам балаға арналған мектептерде оқушы саны 50%-дан аспауға тиіс», – деді Әсел Қалыкова.

Ал ковид жұқтырған науқастармен байланыста болған адамдарға қатысты: егер екінші компонентті алғаннан кейін 6 айдан аспаған болса, ревакциналауды немесе COVID-19-ға қарсы вакциналаудың толық курсы алғаны туралы құжаттық растау болған жағдайда үй карантиніне окшауланбайды; 7-ші күні COVID-19-ға ПТР әдісімен тексеру жүргізіледі, ПТР-зерттеудің теріс нәтижесі кезінде үй карантині аяқталады; егер 7-ші күні COVID-19-ға зертханалық тексеру жүргізілмесе, үй карантині окшауланған сәттен

бастап 10 тәулік өткенге дейін жалғасады.

Индет ошағы қайда?

Әсел Қалыкова КВИ-ді жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындардың жиі жұқтыратынын атап кетті. Дәлірек айтсақ, жұмыс істемейтін және өзін-өзі жұмыспен қамтыған алматылықтар арасында өткен аптадағы ковид жұқтыру көрсеткіші – 33%, түрлі ұйымдар мен кеңселердің қызметкерлері – 22%, зейнеткерлер – 20%, мектеп оқушылары – 9%, ал мектеп жасына дейінгі балалар көрсеткіші – 6%. Спикердің сөзінше, индетті отбасылық қарым-қатынас кезінде жұқтыру 2,7%-ға және туыстарымен байланыс кезінде 0,8%-ға төмендеген. Ал азық-түлік және азық-түліктік емес дүкендерде – 2,1%-ға, метрода – 1,2%-ға, Ashyq-қа қатысушы объектілерде 0,7%-ға төмендегені байқалады. Автобустар мен троллейбустарда инфекция жүгу көрсеткіші – 4%-ға, азық-түлік сауда желілерінде – 1,6%-ға, ал дәріханаларда 1,1%-ға азайған. Осы орайда айта кетсек, өткен аптада ковидті адамдар негізінен сауда нысандарынан (38%), қоғамдық көліктерден (22%), отбасынан (16%), базарлардан (10%), жұмыс орнынан (6%) жұқтырған.

ЖӨН ЕКЕН!



«Жалын VAC»

көппен бірге болуды көздейді

Алатау ауданына қарасты «Зерделі» ықшамауданындағы №29 қалалық емханада «Жалын VAC» тобы құрылды.

«Бұл топтың басты мақсаты – емханаға тіркелген тұрғындарға ересектер мен балаларға еке салудың және ревакциналаудың маңыздылығын, сонымен қатар әлемді дүрбелеңге салып жатқан «омикрон» штамынан сақтанудың жолдары мен алдын алу шараларын түсіндіру», – дейді емхананың бас дәрігері Ақмира Садыкова.

COVID-19-дың әбігерінен арыла алмай жатқанда елді енді «омикрон» дерті алаңдата бастады. Тез жұққыш қабілеті бар бұл дерт бізге де келіп жетті. Ендігі міндет – асқынған дертті ауыздықтау мен жылдам тарала бастаған жаңа штамның алдын алып, одан сақтану шараларын күшейту.

Міне, №29 емханада құрылған, құрамында сарапшы дәрігерлер, эпидемиолог, жалпы тәжірибелік дәрігерлер, медициналық мейірбикелер мен психолог, әлеуметтік қызметкерлер бар «Жалын VAC» тобы емханада тіркелген тұрғындармен хабарласып, еке алудың тиімділігін түсіндіріп, келісімін берген тұрғындармен

байланыс орнатып, екеп салудың уақытын белгілеп, емханадағы екеп салу пунктіне шақырады. Ал отбасылық жағдайлармен немесе денсаулығына байланысты емханаға келе алмайтын-дарға екеп салу бойынша құрылған мобильді бригада үйлеріне барып салады. Мектептер мен оқу орындарына барып екеп салдырудың денсаулық үшін маңыздылығын түсіндіріп, ата-аналармен ақыл-кеңес өткізеді.

«Жалын VAC» тобы тұрғындарға тек екеп жөнінде ғана ақпарат беріп қоймай, екіжақты байланыс арқылы тұрғындардың қандай қосымша көмекке жүгіне алатыны, скринингтен өтудің маңыздылығы және басқа да емделушілер үшін ең қажетті мағлұматтар беріліп, тегін кепілдендірілген медициналық көмек аясындағы тұрғындар талабы учаскелік қызметтерге жолданады. Медициналық ақпараттың жаңартылған түрін ұстанып отырған бұл топтың басты ұстанымы – қолдан келгенше көмек көрсетіп, әр адамға жақын болуға тырысу. Қала «қызыл» аймаққа еніп отырған қазіргі таңда №29 емхананың бұл тың бастамасын тұрғындарға саулықтың сақтықта екендігін түсіндіретін, қауіпті дерттен сақтаудың тиімді жолы деуге болады.

Нұржамал
ТЕГІНБАЙҚЫЗЫ.

#ЕКПЕАЛ

Алматы қаласында бүгінде ревакцина жасаушылар саны көбейген. Шаһардағы ревакциналау қарқыны, екпеге қатысты тағы басқа да сауалдар көпті толғандырып жүргені анық. Осы тақырып төңірегінде С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ клиникасының терапевт-дәрігері Азиз ЕЛШІБАЕВПЕН сұхбаттасқан едік.

– Азиз Бақытжанұлы, ревакциналау науқаны басталды, қарқыны қандай?

– Иә, бұл тақырып бүгінгі таңда ең маңызды болып тұр. Мәселен, бұған дейін қалыпты вакцинаның 2 компонентін алғандар 6 айдан соң қайта екеп ала алады. Өрине, тек осы мерзімге тіреліп тұрған ештеңе жоқ, қай уақытта салдыратынын әркім өзі шешеді. Біздің клиникада сағат 08.00–17.00 аралығында салдыруға болады. Бүгінгі таңда бізде күніге орта есеппен 40–50 адам ревакциналаудан өтеді.

Ревакцина алған күні телефоныңызға хабарлама келеді. Дәл алдында қалай екеп салдырдыңыз, дәп сол процесс жүреді. Бастысы, кез келген орынға Ashyq арқылы



кіре бересіз. Сіздің екпе алғандығыңыз жөніндегі медициналық паспортыңызда бірінші, екінші кезең және «ревакциналау» деп жазылады. Сондай-ақ, электронды форматта барлығы айқын көрсетілетін болады.

– Екпенің отандық түрін алып, келесіде басқасын салдыруға бола ма?

– Сұрағыңызды түсініп отырмай. Алғашқыда QazVac-тың 2 компонентін толық салдырдыңыз дейік. Арада жарты жыл өтті. Содан кейін Sinofarm алуды көзденсіз, солай етуге болады. Sinofarm-ды көбіне «Болашақ» бағдарламасымен шет елге оқу, тәжірибе алмасу мақсатымен баратындар қабылдайды. Өйткені, ол әлем бойынша мақұлданған. Толығырақ айтқанда, аталған қос екпе түрі басқаларына қарағанда жеңіл өтеді. Бәлкім, сондықтан шығар,

Ревакцина – дұрыс жол

адамдар сол вакцинаға барынша ықылас білдіруде. Айтарым, біздің отандық медициналық өнімнің сапасы да алыс-жақын елдердегі сарапшылардың оң бағасын алып жатыр. Бұл жағынан келгенде көңіл қуанады.

– Pfizer-ді кімдер салдыра алады және әсері қандай?

– Соңғы уақыттары жиі қойылып жүрген сауал. Бұл екпені медициналық қызметкерлер мен 60 жастан асқандар ектіреді. Бірақ бір нәрсені ескеру керек, бұл тек ревакцина ретінде жүреді. Сонымен қатар, жүкті әйелдер, бала емізетін аналар мен балалар салдыра алады. Бұл жөнінде толық ақпараттар ресми сайттарда жарияланған. Десе де, келушілерге толық ақпаратты қарапайым тілмен түсіндіруді абзал санаймыз. Ағзаға әсер етуінде өзге екпелерден біршама айырмашылық кездеседі. Қазақстандық QazVac-ты салдырудан кейінгі әсер жеңіл өтетінін айтық. Ал мұнда сәл қаттылау. Бірақ бұл бірі артық, екіншісі төмен дегенді білдірмейді. Мұны да шет елге жиі шығатындар қабылдайды. Себебі, мойындалған ПТР-тест тапсыруды қажет етпейді.

Сөзімізді түйіндесек, екпе салдырып, индеттің бетін бірге қайтарайық.

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

МАМАН ПІКІРІ

Коронавирустың «омикрон» штамынан үй жағдайында емделуге бола ма? Бұл туралы Алматыдағы №11 қалалық емхананың жалпы дәрігерлік тәжірибе бөлімінің меңгерушісі Назым КҮШІКБАЕВА тарқатып айтып берді.

Дәрігердің айтуынша, «омикронның» басты белгілері – жоғарғы тыныс жолдарының зақымдануы, дене қызуының көтерілуі, бастың, бұлшық еттердің ауыруы, әлсіздік, тамақ ауыру және жөтел.

– «Омикрон» штамының белгілері алдыңғы штамдарға ұқсамайды. Оны жұқтырған адамдар үйде емделуі керек. Неліктен үй жағдайында емделген дұрыс? Өйткені, біз бұл вируспен екі жылға жуық күресіп келеміз. Бұл мүлдем жаңа түрі емес, сондықтан инфек-

цияны жұқтырған адам ең алдымен окшаулануы керек. Егер қанның оттегімен қанықтығы төмендеп кетсе (сатурация), ұзақ уақыт дене қызуы түспесе, онда ауруханада жатып емделген абзал. Мұндай науқастар дәрігерлердің бақылауында болуы керек», – дейді ол.

Дәрігердің айтуынша, коронавирустың кез келген штамын үй жағдайында емдеуге болады, ауруханаға асқынған немесе созылмалы ауруы бар науқастар жатқызылады. – «Омикрон» штамын емдеу әдісі тұмаумен бірдей: көп мөлшерде су ішу керек. Бұл организмдегі интоксикацияны тоқтатады. Сонымен қатар, стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды қабылдаған жөн. Олар дене қызуын төмендетіп, ауырсынуды басады. Себебі, бас ауыруы, бұлшық еттердің ауыруы жиі кездеседі. Егер созылмалы ауруларға қарсы препараттар болса, оларды ішуді міндетті түрде жалғастыру керек. Пандемия

басталған кезде, мөлшді топтар үйге келіп науқас қанының оттегімен қанықтығын өлшейтін. Енді бұл импульстік оксиметр термометр сияқты, әр үйде болуы керек және үнемі өлшеп отыру қажет. Өйткені, қанығу индексінің төмендігі аурудың ауыр түрде өтіп жатқанын білдіруі мүмкін», – деді дәрігер.

Сонымен қатар, ол «омикрон» жұқтырған адамда дене қызуының көтерілуі 2-3 күн сақталатынын атап өтті. «Бұл – қалыпты жағдай. Температура көтеріледі және төмендейді, егер дене қызуы 39 градустан асып кетсе және бес күнге созылса, онда бұл сырқаттың ауырлығын көрсетеді. Бұл қосымша зерттеуді қажет етеді», – дейді Назым Күшікбаева. Сондай-ақ, ол антибиотиктерді дәрігердің тағайындауынсыз қолдануға болмайтынын баса айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Өткенде көпбалалы отбасында болдым. Еңбекқор отағасы қала шетінен екі бөлмелі шағын баспана тұрғызып алған екен. Келіншегі көзге көрінген бала-шағасына ие болып, сол екі бөлмені жып-жылы әрі тап-тұйнақтай етіп ұстап отыр. Үйдің ішін толтырып тұрған да сол үйелмелі-сүйелмелі 5 бала. Қарап тұрып еріксіз сүйсінесің.



ҰЛТАРАҚ

табаннан суық өткізбейді, аяқты терлетпейді

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Есік аузындағы пештің алдында бірнеше ұлтарак жайылып тұр екен, көзіме оттай басылды. Бала күнімдегі көрініс көз алдыма тұра қалды. Ол кезде ұлтаракты таза киізден қиып төсеп беруші еді шешелеріміз. Ал қазір ұлтарактың түр-түрі шықты. Көбі Қытайдікі. Аяқты суландырып жібереді. Тіпті, ауру қылады десек те қателеспеспіз.

Ауру демекші, өткенде қоғамдық көлікте екі әйел әңгімелесіп барады.

– Қызым «түнімен аяғым қақсап шықты» деді. Соны уайымдап отырмын. Бүгін ұйқысы қанбай кетті жұмысқа. Жастарда неғылған аяқ ауруы дейсің ғой баяғы, біздің аяқ енді ғана сыр беріп жатқанда, – деді біріншісі.

– Қазіргі аяккиімдерде сапа бар дейсің бе, қыз-ау! Тез ылғалданады. Бүгінде жастардың көбінің аяғы ауырады десем өтірік емес шығар, – деді екіншісі.

Иә, бұл да – өзекті мәселе.



Сырты жылтыр, ал іші қандай?

Алматының қысы ылғалды болады. Аялдамада ұзактау тұрып қалсаңыз, аяғыңыздан сыз өтіп шыға келеді. Ал аяқтан суық өтті дегенше, бүкіл дененіз мұздап, берекеңіз қашты дей беріңіз.

Бүгінде бәрінің бірдей таза былғарыдан тігілген сапалы етік киюге шамасы жоқ. Ал көпбалалы отбасыларда бірінікі бірі киіп тастау деген тағы жоқ. Себебі, қытайдың арзан-қол аяккиімдері бір мезгілге ғана шыдас береді.

Осы орайда, баяғы алматылық «Жетісу» аяккиім фабрикасы еске түседі.

Бала күнімізде сол «Жетісу» деген атау есімізде әбден жатталып қалыпты. Несін айтасыз, сапалы болғандығы сонша, мұрты бұзылмаған бір аяккиімді бірнеше ұрпақ киіп шығатынбыз.

«Жетісу» 1931 жылы Алматы қаласында әуелі Алматы мәсі-аяккиім фабрикасы болып құрылған. Сосын біртіндеп дайын тауар номенклатурасын көбейте бастады (сандалеттер, балалар мен әйелдер аяккиімі, спорттық аяккиімдер, был-

ғары қолғаптар және т.б.). 1940 жылы фабрика өнімі 3 есе өскен. Ұлы Отан соғысы жылдары қиын жағдайда фабриканың барлық жұмысы қайта құрылып, жауынгерлерге арналған аяккиімдер шығара бастаған. 1975 жылы «Жетісу» аяккиім өндірістік бірлестігіне айналды. 1990 жылы бірлестік құрамында өзгерістер басталып, 4 филиалдың орнына 3 фабрика бөлініп шықты. Әуелі, кәсіпорын өнімдері Франция, АҚШ, Англия және Жапония мемлекеттерінде көрмелерге қойылған деседі.

Қазір де аяккиім тігетін компаниялар көп демесек те, сауда нүктелерінен кенде емеспіз. Тіпті, бір ғана аяккиімдер сататын базарлардың өзі бір қалашықтың орнын алып тұр десек те болады. Сырты жып-жылтыр, синтетикалық, бір киілетін ғана шұлықтар саудасы да қызып тұр. Қолжетімді. Бірақ оның бәрі денсаулықты құртып жатқанына мән бермейміз. Сол сауда қатарларымен бір жүріп өтсеңіз де жетіп жатыр, өткір де ашы иісі қолқанды жарып жібереді.



Керек күтім

Дымқыл аяккиімді ыстық пешке жақын жерде жайып, жылдам кептіріп аламын демесеңіз, бұл аяккиімнің терісіне өте зиян екен. Үй жағдайында былғары аяккиімді газет немесе қарапайым ас содасының көмегімен құрғатуға болады. Умаждалған газетті аяккиімнің ішіне нығыздап салып, сыртын да газетпен орап қойса, аяккиім тез құрғайды екен.

Аяккиіміңіз жылтыр болсын десеңіз, оған май жағудың тіпті қажеті жоқ. Жалтыратқыңыз келсе, жай ғана лимонмен сүртсеңіз жетіп жатыр.

Аяккиімде жуып кетіруге келмейтін ақ дақ пайда болса, оны тіс жуатын пастаның көмегімен шеткалап кетіруге болады.

Балаларға арналған сеппе ұнтақ – жағымсыз иіспен күресетін бір жол. Ұнтақты түнде сеуіп қойып, ертеңіне қағып тастауға болады.

Қарапайым қалташадағы шөйдың да жағымсыз иісті өзіне сіңіріп алатын ерекше қасиеті бар.

Аяғыңыз тоңып қалса...

Егер аяғыңыз тоңып қалса, үйге келе салысымен 1 картопты қабығымен қайнатыңыз. Сосын қақ ортасынан екіге бөліп, екі табаныңызға таңасыз. Сыртынан жылы көрпе орап, картоп салқындағанша жата тұрыңыз. Шамамен 30 минуттан соң компресті алып, жылы шұлық киіп алыңыз.

Аяқ күймейтіндей температурадағы ыстық суды шылапшыңға құйыңыз. Оған 2 шай қасық қыша араластырып, аяғыңызды суға салыңыз. Шамамен 20–30 минуттан соң аяғыңызды судан алып, құрғатып сүртесіз. Соңынан жылы шұлық киіп алуды ұмытпаңыз.

Биыл да қатты қыс жоқ. Бірақ ызғары бар. Дегенмен, күннің көзі жылтылдап тұрған соң, жастықтың жетегімен елітіп, сән қуып, жұп-жұқа етікпен немесе кроссовкимен жүрген жастар да аз емес қазір. Егер аяғыңыздан қатты суық өтсе, циститке ұшырауыңыз мүмкін. Ол – қуықтың қабынуы. Онымен балалар да, ер адамдар да, әсіресе әйелдер жиі ауырады. Бұл ауруды уақытылы емдемеген жағдайда бедеуліктің бастауы болуы мүмкін.

Өткір иісі қолқаны қабады

Иә, Қытайдың аяккиімдері денсаулыққа өте зиян. Онда адам ағзасына аса қатерлі улы химиялық қоспалар бар көрінеді. Өлгі өткір иістің сол тауардағы улы заттардың тым көп мөлшерде екендігінің анық белгісі. Мамандар сапасыз аяккиімнің салдарынан адам он түрлі кеселге душар болуы мүмкін екендігін айтудан жалықпайды. Жасанды теріден тігілген аяккиімдер буын, аллергиялық ауруларға шалдықтырумен қатар, қатерлі ісік кеселіне де жол ашуы мүмкін деседі.

Еліміздегі бүлдіршіндердің 75%-ы қазтабан дертіне шалдыққан. Әскери борышын өтеуге жарамсыз жастардың басым бөлігі де осы қазтабанмен тіркеледі. Бұған аяккиімдердің анатомиялық параметрлері сәйкес келмеуі себеп көрінеді. Ал сапалы, барлық параметрге жауап бере алатын аяккиімдер әлбетте қымбатқа түседі. Олар жалпақ жұртқа қолжетімсіз. Сондықтан барды қанағат тұтуына тура келеді.

Қазақ аяккиімге бей-жай қарамаған

Жат елдің кинокартиналарын көріп отырсаңыз, сырттан келген кейіпкерлері есік көзінен бастап төрге дейін аяккиімімен жүре береді. Тіпті, үстелдің үстіне шешілмеген аяғын айқастыра көтеріп қойып, диванға жата кететіндерін қайтерсіз.

Ал біздің қазақ аяккиімнің табанына қарамайды. Өйткені, оның «бармайтын жері, баспайтын тауы» болмайтындықтан былғанышты болады, ал оны көрген адамның көзі

ұшынады деп ырымдаған.

Аяқ - киімді шешкен соң қатарлап қояды.

Төңкеріліп қалса, қайтадан оңдап орналастырады.

Аяккиім төңкеріліп қалса иесі қайғыға ұшырайды, шашылып жатса жолы кесіледі деп саналған.

Аяккиімді оң аяқтан бастап киеді. Қазаққа басқа кісілерге қаратып аяккиім шешпейді. Ал әйелдер аяккиімді көптің көзінен тасаланып киеді немесе білдіртпей шешеді.

Иен түзде, жаугершіліктен босып-көшкенде немесе түрлі жағдайларға байланысты түнде ұйықтаған кезде басына жастанатын ештеңе болмаса аяккиімді жастануға рұқсат етілген. Ол туралы қазаққа «етік жолға бастайды» деген сөз қалған.

Қазақ аяккиім ішінен табанына ұлтарак салған. Ол киізден жасалған. Ол табаннан суық өткізбейді, аяқты терлетпейді. Қазақ шеберлері ұлтаракты етікке салмай тұрып, оның алдыңғы жағын, яғни жол бағытына қараған басын бойлата тілген. Бұл аяккиім иесінің «жолын ашу» үшін жасалынған тәмсіл.

Биік өкше – жақсылықтың нышаны

Егер бойжеткен түсінде жазғы баулы аяккиім өлшеп киіп көріп жатса, бұл жақсылықтың нышаны. Ал туфли киіп көрсеңіз, шынайы өмірде жағымсыз жайттарға дайын болу керекін ескертеді.

Аяккиімнің түсіне ерекше мән берген жөн: қара – кәсіптегі жетістік; ақ – тұрмыс құрасыз; сары – айырылысу және шытырман оқиғалар; қызыл – қауіпті қарым-қатынас; күміс түсті – оғаш идеяларыңыздың өзі сәтті болады.

Түсіңізде бір ғана аяккиімді өлшеу шынайы өмірде әділ болып, жақындарыңызға қамқор болу керекін білдіреді.

Өлшеген аяккиіміңіз үлкен болса, өзіңізге тым көп жүк арттыңыз деген сөз.

Ал түс әлемінде биік өкше кию – жақсылықтың нышаны. Көп ұзамай мансабыңыз өседі деген сөз.

Жас қыз немесе келіншек өз туфлиін өлшеп жатса – көп ұзамай тұрмыс құрып, сәбилі болады деген сөз.



МИНИСТР



Мәдени нысандарға барды

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Алматы қаласына жұмыс сапары барысында Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында болды.

Кездесу барысында министр киностудиядағы Қазақ киносның музейін аралап, ескі кино камералар, қолданылған костюмдер, Шәкен Аймановтың жинаған коллекциясы мен өзі қолданған жеке заттар сақталған ұлттық кино өнерінің тарихынан сыр шертетін жәдігерлермен танысты.

Сондай-ақ, министрге 2021–2023 жылдарға жоспарланған модернизация бағдарламасы шеңберінде сатып алынған заманауи түсірілім техникасы – камералар, жарық құралдары және басқа да жабдықтар көрсетілді.

Жүздесуде «Қазақфильмнің» басшылары министр-ге соңғы екі жылда түсірілген фильмдер туралы жан-жақты баяндап беріп, еліміздің басты кино алаңының бүгінгі тыныс-тіршілігі мен алға қойған жоспарларымен бөлісті. Өз сөзінде киностудияның вице-президенті Айдархан Әділбаев «Қазақфильмнің» модернизациясы бойынша егжей-тегжейлі баяндап, қосымша қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру туралы өтінішін білдірді.

«Қазақфильм» – еліміздің бренді. Киностудия елдің көңілінен шығатын сүбелі туындыларды түсіруі керек және осы бағытта жұмыс істеуіміз қажет», – деді Дәурен Абаев.

Кездесуден кейін жиналғандар «Ұлы дала таңы» тарихи фильмінің жұмыс нұсқасын тамашалады. Фильмнің көрсетіліміне басты рольдерді сомдаған актерлер – Қазақстанның халық артисі Тұңғышбай Жаманқұлов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Берік Айтжанов, фильмнің кеңесшісі – белгілі тарихшы, профессор Берекет Кәрібаев, киностудияның директорлар кеңесінің мүшесі Арманжан Байтасов және басқа да өнер қайраткерлері қатысты.



Мегаполистегі сапары барысында Дәурен Абаев ҚР Мемлекеттік орталық музейіне де соғып, іргелі ұжым қызметкерлеріне грамоталар мен Алғыс хаттар табыс етті.

Министр Алматыдағы жаппай тәртіпсіздік кезінде музейді паналаған полицейлер мен курсанттардың өмірлерін сақтап қалғаны үшін мұражай әкімшілігіне ерекше ризашылығын білдірді.

Ел басына күн туған қиын-қыстау күндері музейді басқарған және бүлікшілермен келіссөз жүргізуші қызметін атқарған музей директорының орынбасары Бибігүл Дандығараева өзінің азаматтық және кәсіби борышын атқарғанын айтты. «Бұл әкімдік емес, бұл – музей, халқымыздың мәдени мұрасын сақтап отырған киелі орын. Қолдарына лом, таяқ ұстап кіріп келген жас жігіттерге жалындым. Егер олар ұлттық жәдігерлерімізді қиратып, өртеп жіберетін болса, онда өз тарихымыздан айырыламыз. Осы нәрсе көкейімнен кетпеді. Қазір бәрі тынышталды. Маған атақ та, байлық та, марапат та керек емес. Ең бастысы, музейіміз аман болсын!», – деді Бибігүл Дандығараева.

Министр музей қызметкерлеріне өз ісіне адалдығы, батылдығы және өз басын қатерге тігіп, ұлттық мәдени және рухани жәдігерлерді қорғағаны үшін алғыс білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МӘДЕНИЕТ МӘЙЕГІ

Алматыдағы Шоқан Уәлиханов атындағы мектептің оқытушылары қазақтың шаңқобызын пластикадан жасады.

Музыкант Абзал Арықбаев пен робототехника зертханасының меңгерушісі Ертай Рахимов осы идеяның бастамашысы болып, аспапты жасау бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. Басты мақсат – шәкірттерге шаңқобызды қолжетімді ету, сонымен қатар онда ойнауды үйрену. Бұл идеяға қырғыз, қазақ және бурят шаңқобызының бірнеше үлгілері негіз болған. Ертай Рахимов пен Абзал Арықбаев аспапты 3D-принтерде жасағанын айтады:

– Бұл үшін Autodesk 123d desing бағдарламасында қазақ шаңқобызының (мұражай экспонатының



үлгісі) өлшемдеріне сәйкес бірінші модель әзірленді және 3D-принтерге

Пластикалық шаңқобыз


басып шығаруға жіберілді. Формадағы алғашқы құрал үлгінің дәл көшірмесі болды, бірақ бастапқыда дыбысы әлсіз шықты, – дейді Ертай Рахимов.

Кейін музыкалық аспаптың пішіні өзгертіліп, қысқартылған жаңа сақина қолданылған. Нәтижесінде керемет шаңқобыз жасап шығарған. Дыбыс металдағы сияқты емес, дыбыста діріл бар және бұл классикалық варган екендігінен нақты түсінік береді. Дегенмен, дыбыс ағаштан жасалған аспаптікіне ұқсайды. Дауысы жағымды, жақсы тембр мен дірілге ие, – дейді музыкант Абзал Арықбаев.

Пластикалық шаңқобыздың үлкен артықшылығы – оның қолжетімділігі.

Кестелі өнер

Алматылық Зейнелхан Мұхамеджанов көшпенділердің ұмыт болған технологиясын жаңғырта отырып, ерекше өрнектермен алаша кестелеген.



Біз кесте – бұл инемен емес, ілмекпен жасалған дәстүрлі тігіс. Ертеректе мұндай кестемен киіз үйлер, номадтардың киімдері, бас киімдер безендірілген. Бірақ қазіргі уақытта көлөнер түрі бірте-бірте жоғалып барады десек те болады. Алайда, Зейнелхан Мұхамед-



жанов Ұлы Дала көшпенділерінің ежелгі ұлттық көлөнерінің осы түрін жандандырып келеді.

Бұл кестені тоқу әйелдердің ісі саналады. Бірақ шебер бұл стереотиппен келіспейді. Көлөнер – шыдамдылықты және шабытты қажет ететін қиын жұмыс. «Өнер ешқашан әйелдердікі немесе ерлердікі деп бөлінбейді. Мен көптеген жылдар бойы кесте тігіп келемін. Өзім табиғатымнан шыдамды адам болғандықтан, жұмы-

сымнан рахат аламын», – дейді суретші.

Ол жібек жіптермен кестелеу қабілетін жұбайынан үйренген. Зейнелхан сондай-ақ тарихи зерттеулерге зер салып, көркем картиналарға ұқсайтын кең көлемді гобелендер жасап шыққан.

– Мамандығым бойынша мен – суретшімін. Өзімді кескіндемеде де, керамикада да сынап көрдім, бірақ тағдыр маған кесте тігуді бұйыртыпты. Мен стильдерді араластыруға тырысамын. Мысалы, дәстүрлі ою-өрнек, кескіндеме элементтері, графика, – дейді шебер.

Оның шығармаларының тақырыптары – ежелгі тарих, дәстүрлер, аңыздар, дала философиясы. Суретшінің жұмыстары Ә.Кәстеев атындағы мемлекеттік музей қорында, Шығыс Қазақстан облысының этнографиялық музей қорында, Монғолияның «Ұлан-батыр» қазіргі заманғы өнер галереясының қорында, Латвияның Балтық Халықаралық академиясында және АҚШ, Англия, Германия, Жапония, Корея, Израиль, Ресей, Кипр сияқты көптеген елдердің жеке коллекцияларында сақтаулы.

Дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.

КИНОКЕҢІСТІК

«Әке, ән айтып берейік пе?»

Отандық туынды топ жарды

«Әке, ән айтып берейік пе?» фильмі Кореяда өткен Gimpo International Youth Film Festival-да «Үздік фильм» номинациясында жеңіске жетті.

«Кимпхо» халықаралық жастар кинофестивалі – Кореяның Кимпхо қаласында өтетін балалар және жастар кинофестивалі.

Бастапқы, орта мектеп, жоғары мектеп, университет секілді бірнеше бағдарламалық секциядан тұра-



тын фестиваль көркемсуретті, деректі, анимациялық фильмдерді қабылдайды. «Әке, ән айтып берейік пе?» – Айдана Бауыржанқызының алғашқы қысқаметражды фильмі. Көркем туынды Гаухар Адайдың «Әкемнің тәтті бауырсақтары» әңгімесінің желісімен түсірілген.

Сондай-ақ, фильмде ҚазҰУ студенттері Әдемі Манабаева, Қазбек Есмұрзаев, Ердаулет Жақыпов, Айдос Сүлеймен, Алмасхан Қосаев атсалысқан. Айдана Бауыржанқызы Қазақ ұлттық өнер университетін «Кинотану» мамандығы бойынша тәмамдаған. Ол осыған дейін жүлделі орындарға ие болған бірнеше көркемсуретті фильмдер сценарийін жазған.

БАЙҚАУ

Жүлделі оралды

Қазақстандық домбырашылар Темірлан Олжабай мен Ернат Наурыз Испанияда өткен «Music Box» халықаралық байқауында үздіктер қатарынан көрінді.

Жерлестеріміз «Аспаптық музыка» номинациясында жеңіске жетті. Бұл топта 36 елдің өнерпаздары бақ сынасты. Қазақстандықтар бірінші кезеңде Никколо Паганинидің «Каприс №24» туындысын авторлық өңдеуде орындап, төрешілерді таңқалдырды. Ал екінші турда домбырашылар «Тақтар ойыны» телехикаясының саундтрегін орындап, конкурстық бейнеролик түсірді. Сөйтіп, қатысушылар арасында ең жоғары ұпайға ие болды. Музыканттар мамыр айында Испанияда өтетін онлайн фестивальге

жолдама мен белгілі музыка сарапшыларының шеберлік сабағына жеке қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Темірлан Олжабай мен Ернат Наурыз бұған дейін «Үздік аспаптық дуэт» номинациясы бойынша «Bridge TV» жүлдесіне ие болып, «Golden Time Talent» халықаралық фестивалінде 1-орынды жеңіп алған, сонымен қатар Испанияда өткен «Costa Brava Music» фестиваліне қатысқан.

Дайындаған
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.





ФУТЗАЛ

Шағын алаңда шаттығымыз мол



Кеше Алматы уақытымен түнгі сағат бірде футзалдан Қазақстан құрамасы Еуропа чемпионатының ширек финалында Украинамен кездесті. Ойын нәтижесінің қандай болғанына қарамастан, бұл турнирді отандастарымыз өте жоғары деңгейде өткізіп жатыр деуге болады.

Биылғы дода қарсаңында басқа құрамалар сияқты Қазақстан да біраз қиындыққа кездесті. Алдымен Лео қатты жарақаттанды. Ол құрама сапында Нидерландыға жетіп, жаттығуды бастап кеткен еді. Бапкер оның орнына «Атыраудан» Ерсұлтан Сағындықовты шақырды. Бірақ бас жаттықтырушы Каканың өзі Гронинген қаласына командамен

бірге шыға алған жоқ. Алматыдан аттанар алдында маманның ПТР-тесті оң нәтиже беріп, біраз бөгелуге тура келді. Қазақстан құрамасы топтық турнирдің алғашқы кездесуінде Словенияға қарсы ойнағанда, Кака телефонмен елден нұсқау беруге тура келді. Кейін ол Сағындықовпен бірге ақыры командаға қосылды.

Шынын айтқанда, алғашқы ойында Қазақстан құрамасына бапкердің орнында жоқтығы да әсер еткен сияқты. Әншейінде оңай «шайнап тастауға» болатындай көрінетін Словения үнемі алға шығып отырды, тіпті екінші тайм орталанғанда, екі доп айырмасымен ұтып тұрды. Дегенмен, отандастарымыз аса орайсыз кездесуде таразы басын теңестіре алды. Бұл кездесуде қақпашы Игитаның сенімсіздеу ойнағанын да айта кету керек.

Дегенмен, екінші ойыннан бастап қазақстандықтардың бабы келісті. Финляндиядан бірінші гол жіберіп алса да, Кака шәкірттері таразы басын теңестіріп қана қоймай, 6:2 есебімен түре жеңіп шықты. Топтағы соңғы кездесуде Италияны 4:1 есебімен тұқыртып, ширек финалға бірінші орынмен шықты.

Қазақстан құрамасының осыған дейінгі ойын өрнегін қалай бағалауға болады? Осы турнир алдында ғана Қазақстан азаматтығын алған бразилиялық Едсон да, құрамада енді ашыла ойнай бастаған Жомарт Тоқаев та жаман әсер қалдырып жүрген жоқ. Ал Біржан Оразов құраманың серкесі болуға жарағанын ойын сайын таныта бастады. Қазір ол 5 доп соғып, мергендер көшін бастап тұр.

Украина құрамасымен отандастарымыз 2018 жылы жолдастық кездесу өткізіп, 1:1 есебімен тең тарқасып еді. Ресми ойында қос ұжым тұңғыш рет жолықты. Украинадан басым түссе, Қазақстан құрамасы жартылай финалда Ресеймен жолығуы ықтимал. Ресей құрамасы соңғы екі чемпионатта да бізге қарсылас болып, үш ойынның екеуінде жеңген еді. Тіпті, 2018 жылғы құрлық додасында қола жүлде үшін кездесуде басымдық танытты. Демек, алда оңай емес, орайсыздау қарсылас күтіп тұр деуімізге болады.

ТЕННИС

Данилинаның даңқты додасы

Теннистен Australian Open турнирі біз үшін де, әлем жанкүйерлері үшін де үлкен жаңалықпен аяқталды. Ерлер арасындағы сынның финалында даңқты Рафаэль Надаль (Испания) ресейлік Дмитрий Медведевтен 0:2 есебімен жеңіліп тұрып, матч тағдырын түбегейлі өзгерте алды. Сөйтіп, 35 жастағы ардагер «Үлкен Дулыға» турнирлерін 21 рет жеңіп алған алғашқы теннисші болып тарихқа енді.

Надаль Australian Open турнирін 2009 жылы жеңіп алған еді. Жалпы, ол «Үлкен дулыға» финалдарында 29 рет өнер көрсетті. Надальмен қатар, ең мәртебелі теннис турнирлерінде бұған дейін Роджер Федерер (Швейцария) мен Новак Джокович 20 реттен үздік шыққан болатын. Биылғы турнирге Федерердің қатыспайтыны ерте бастан белгілі болды, ал Джокович виза дауына байланысты Австралия аумағынан аластатылды.

Жеке сында ешбір теннисшіміз көзге түсе алмаса да, жұптық сынды жалауымыз желбіреді. Отандасымыз Анна Данилина бразилиялық Беатрис Хаддад Майямен бірге финалға шықты. Бұл – Аннаның спорттағы ғұмырының ең биік белесі. Финалда олар чехиялық



Барбара Крейчикова мен Катерина Синякова жұбынан үш сетте жеңілді – 7:6, 4:6, 4:6.

Кеше әйелдер арасындағы WTA рейтингі жаңарды. Қазақстандықтар арасында Елена Рыбакинаның жұлдызы жоғары. Ол – 12, Юлия Путинцева 42-сатыда тұр. Әйелдер арасындағы жекеley сында канадалық Эшли Барти көш бастап келеді.

Ал жұптық сында қазақстандық Анна Данилина бірден 28 сатыға көтерілді. Australian Open-нің финалынан кейін ол 25-орынға тұрақтады.

ЕРКІН КҮРЕС

Эльмира – Ярыгин турнирінің жеңімпазы

Әйелдер күресінен Қазақстан командасының өкілі Эльмира Сыздықова Ресейде өткен «Иван Ярыгин» Гран-При турнирінде жеңіске жетті.



Ол 76 келіге дейінгі салмақта топ жарды. Жартылай финалда жерлесіміз ресейлік Марина Силинаны таза жеңіп, финалда беларусь балуаны Ксения Дзибукты 15:4 есебімен тұқыртты.

Дәстүрлі Ярыгин турнирі былтыр пандемияға байланысты мамыр айында өткізілсе, биыл өз мерзіміне қайта оралды. Ерлер арасында Өкен Абзалов (57 келі), Әбдіманап Байкенжеев (92 келі) және Олег Болтин (125 келі) бесінші орынға тұрақтады.

КОНЬКИ



Австрияның Инсбрук қаласында конькимен жүгіру спортынан әлем чемпионатында қазақстандық жастар табысты өнер көрсетті.

Дауранованың дабысы да, табысы да жақсы

1000 м қашықтықты Алина Дауранова тиісті қашықтықты 1:20.593 уақытта бағындырып, мәре сызығын екінші болып кесіп өтті. Бұл бағдарламада жапониялық Юкино Юшида топ жарды. Нидерланды спортшысы Джейд Гронебуд үздік үштікті қорытындылады.

Ал Қазақстан әйелдер командасы командалық спринтте қола медаль иеленді. Бұл сында Нидерланды – алтын, Оңтүстік Корея – күміс жүлде еншіледі.

Әзірлеген Естен САБАЛАҚ.

БОКС



Бағдат Жұбаныш – үш дүркін әлем чемпионы

Әбу-Даби қаласында ММА-дан әлем чемпионаты аяқталды. Әлем біріншілігіне 56 елден жиналған 421 спортшы қатысты. Турнирде 18–21 жас аралығындағы спортшылар (жастар) мен 21 жастан асқан ересектер бақ сынасты.

ММА әлеміндегі тарихи оқиға актөбелік Бағдат Жұбаныштың (52,2 келіге дейін) хет-трик жасауы болды. Ақтық жекпе-жекте ол ресейлік Фарход Рахмоналиевті жеңіп, әуесқой ММА-да алғаш рет үш дүркін әлем чемпионы атанды. Небәрі үш раундтан тұрған жекпе-жекте қазақстандық боксшының басымдығы байқалды. Төрешілердің бірауыздан қабылдаған шешімімен отандасымыз жеңіске жетті.

56,7 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Алматы облысының өкілі Дастан Жакыпбеков төрешілер шешімімен ресейлік Бектұр Женишбек ұлынан жеңіліп қалды.

Ересектер арасында ММА-дан әлем чемпионатындағы екінші орынды Бекзат Жасия (Шымкент қаласы) жеңіп алған. Ол 65,8 келіге дейінгі салмақта төрешілер шешімімен испандық Хуан Изкуэрдоны ұтты.

Ақтық жарысқа Қазақстаннан шыққан жалғыз бойжеткен Айжан Әбдіқадыр (Жамбыл облысы) болды. 70,3 келіге дейінгі салмақта ол ресейлік Ольга Логоднаяға есе жіберді.

Соңғы жекпе-жекте 120,2 келіден жоғары салмақ дәрежесінде павлодарлық Расул Хатаев ресейлік Шамсутдин Махмудовты техникалық нокаутпен ұтты. ММА-дан ересектер арасындағы әлем чемпионатының соңғы күнінің қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы тарихта алғаш рет екі алтын медаль жеңіп алды. Сондай-ақ, қоржында 3 күміс және 6 қола жүлде бар.

ТУРНИР

Алғаш рет төрешілік етті



Қазақстандық төрешілер алғаш рет Аустралия ашық чемпионаты жасөспірімдер турнирінің финалында қазылық етті.

Қазақстан теннис федерациясы мәлім еткеніндей, Меруерт Каукеева мен Юлия Игнатченко өз жұмыстарын жақсы атқарып шықты.

М.Каукеева қыздар арасында жұптық сындағы соңғы бәсекеге төрелік етті. Ал Ю.Игнатченко бозбалалар арасындағы жекеley сында қазылық жасады.

2020 жылы Меруерт пен Юлия әйелдер арасында ең талантты төрешілер қатарында WTA командасына қосылды. Өткен жылы Токио Олимпиадасына, сондай-ақ Аустралия ашық чемпионаты, Ролан Гаррос және Уимблдон сынды үш «Үлкен дулыға» турниріне төреші ретінде қатысты.

Дайындаған Айжан БҮРКІТБАЕВА.





ТӘУЕЛСІЗДІК ИГІЛІКТЕРІ



ОРТАҚ МАҚСАТТАР ҰЙЫМЫ

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға мүше болып кіргеніне – 30 жыл

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым (ЕҚЫҰ) қауіпсіздік мәселелерімен айналысады. Ол бүгінде Солтүстік Америкада, Еуропада, Орталық Азияда миллиардтан астам адам өмір сүріп жатқан 56 мемлекеттің басын қосып отыр.

Бұл ұйымға қатысушы мемлекеттерді ортақ құндылықтар, ортақ мақсаттар мен ортақ міндеттер біріктіреді. ЕҚЫҰ үш өлшем бойынша жұмыс жасайды. Олар: 1) саяси-әскери (қару-жарақтың таралуына бақылау жасау, елдер арасында сенімді қатынастар орнату және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қақтығыстардың алдын алатын дипломатиялық жұмыстар); 2) экономикалық-экологиялық; 3) гуманитарлық (адам құқығын қорғау мәселелері, ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдерде сайлауларды өткізуге бақылау жасау, демократиялық институттарды дамыту бойынша көмек көрсету).

1992 жылғы 30 қаңтарда Прагада өткен Сыртқы істер министрлері кеңесінің мәжілісінде Қазақстан ЕҚЫҰ мүшелігіне қабылданды. Осы жылғы шілденің 8-інде республика ЕҚЫҰ-ның Хельсинки қорытынды актісіне, ал қыркүйектің 23-інде – Жаңа Еуропа үшін Париж хартиясына қол қойды. 1995 жылы еліміздің ЕҚЫҰ-ға тікелей қатысуын қамтамасыз еткен, Қазақстанның Венадағы халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты Өкілдігінің іргетасы қаланды. 1999 жылы қаңтарда Алматыда ЕҚЫҰ-ның орталығы тұрақты түрде жұмыс істей бастады. Ал 2008 жылдан бастап Қазақстанның ЕҚЫҰ жанындағы Тұрақты өкілдігі жұмыс істеуде.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастығы негізгі үш бағытта іске асырылуда, олар: саясат және қауіпсіздік, экономика және экология, демократия және адам құқықтары мәселелері. ЕҚЫҰ-ның қатысуымен Қазақстанда сайлау заңнамасын жетілдіру, сот жүйесін реформалау, БАҚ тәуелсіздігін қамтамасыз ету жобалары іске асырылуда.

2003 жылы 18 ақпанда Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төраға қызметіне өзінің кандидатурасын ұсынды. 2007 жылы 30 қарашада Мадридте ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің жалпы отырысында Қазақстан Ұйымының 2010 жылғы төрағасы болып сайланды. Біздің еліміз халықаралық мойындауда және өзінің дамуында жаңа сапалық дәрежеге көтерілді.

ЕҚЫҰ Қазақстанға төрағалық қарсаңында БАҚ пен журналистерге қатысты саясатты демократияландыру, азаматтар құқықтарының қорғалуы туралы талаптар қойды. Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық қарсаңында «Сайлау туралы», «Саяси партиялар туралы» Заңдарға өзгерістер енгізді. Өз кезегінде Қазақстан ЕҚЫҰ шеңберінде әлеуметтік-экономикалық және экологиялық бағыттарды күшейтуге басты назар аударды.

Қазақстан – ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен бірінші ТМД елі, бірінші түркі елі, ол тарихи тұрғыда өркениетті ислам кеңістігіне жататын бірінші ел, ол бірінші азиялық ел болды.

Төрағалығы барысында Қазақстан өз жұмысын 4 «Т» – «траст» (сенім), «тра-

дишн» (дәстүр), «транспаренси» (ашықтық) және «толеранс» (төзімділік) ұраны аясында ұйымдастырып, теңдестірілген көзқарас танытты.

Біздің дәстүрлі басымдық беретініміз терроризмге және жаһандағы жаңа қатерлерге қарсылық, таратпау режимін бекіте түсу, көлік транзиті әлуетін дамыту, Ауғанстандағы тұрақтылық, толеранттылық пен түрлі қоғамдардың бейбіт қатар өмір сүруіне қол жеткізу.

2010 жылы 1-2 желтоқсан күндері Елордада ЕҚЫҰ-ның Саммиті болып өтті. Саммит жұмысына ЕҚЫҰ-ға мүше және серіктес елдерден 73 ресми делегация, сондай-ақ ірі халықаралық және аймақтық ұйымдар – БҰҰ, ЕО, ТМД, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ және т.б. қатысты. Саммитке ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер мен ынтымақтастық жөніндегі серіктестерден 38 мемлекет және үкімет басшысы, бір вице-президент, жеті үкімет төрағасы орынбасары, он төрт министр және өзге де жоғары лауазымды шенеуніктер, сонымен қатар басқа да халықаралық және өңірлік ұйымдардың өкілдері қатысты.

ЕҚЫҰ-ға төрағалығы кезінде Қазақстан Ауғанстан мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақстан Ауғанстанға мектеп, аурухана және жолдар салу үшін 4 миллион доллар көлемінде қаражат бөлді. Сондай-ақ, біздің еліміз Ауғанстанға гуманитарлық көмек ретінде астық және өзге де азық-түлік өнімдерін жіберді. Қазақстан сонымен қатар, ауғандық бір мың студентті агроном, дәрігер, мұғалім, инженер-құрылысшы және басқа мамандықтарға оқыту үшін 50 миллион доллар бөлді. Бұл Қазақстанның Ауғанстанда қалпына келтіруге қосқан нақты үлесі.

Қазақстан ЕҚЫҰ-ның 2010 жылғы Астана саммитінде трансшекаралық қылмыс, есірткі тасымалы және заңсыз миграциямен күресу мәселелері бойынша ЕҚЫҰ елдерінің министрлері деңгейінде кеңес құруды ұсынды.

Кездесуге қатысушылар Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығына, Саммитті ұйымдастыру деңгейі, әлемде тұрақтылық пен мәдениаралық диалогты нығайтудағы рөліне жоғары баға берді.

Саммит кезінде тұңғыш рет ЕҚЫҰ-ның еуразиялық векторы бекітілді. ЕҚЫҰ кеңістігіндегі қауіпсіздік көрші өңірлердегі, әсіресе, Жерорта теңізі мен Азиядағы қауіпсіздікпен тығыз байланысты екендігі Астана Декларациясында ерекше атап көрсетілген. Онда ЕҚЫҰ-ның жаңа жүзжылдықтағы басты бағдары ретінде Еуратлантикалық және Еуразиялық қоғамдастықтағы ортақ және бөлінбейтін қауіпсіздікті құру мақсаты қойылған.

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Отанға қызмет етеміз

Біздің қазақта «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дейтін ғажап нақыл сөз бар. Жырақта оқу, білім алу, тәжірибе жинау мақсатымен жүрген жастардың отанына деген сағынышы жайлы білген едік.



Бауыржан АҚЫШ,
кәсіпкер:

ЕЛДІ АҢСАЙМЫЗ

Биыл Нью-Йорк-те тұрып жатқаным – 3 жыл. Мұнда әртүрлі кәсіпкерлік жұмыс істеп жүрмін. Бір кездері қоймада жүктерді реттедім. Енді бірде темір кесіп, оны жалғайтын дәнекерлеуші болдым. Осылайша біраз жұмыс атқарып жүрмін. Арасында ағылшын тілі курсына қатыстым. Мұнда жүріп-тұрудың бәрі – ақша. Бірақ табыс та жаман емес. Дегенмен, ауық-ауық елді аңсаймыз. Туған жерді сағынамыз. Қазақстанның орны айрықша. Болашақ арманым – тіл үйреніп, бизнесті игеріп, еліме пайда әкелу.



Естемес ШӘКІРЖАН,
Түркияда білім алушы, PhD докторанты:

АТАМЕКЕНДІ АРДАҚТАЙЫҚ

Қазір Анадолы өлкесінде әдебиеттану бойынша докторантурада оқып жүрмін. Мұнда бәрі жақсы. Оқу, білім, тұратын жай – барлық жағынан қамтылған дей аламыз. Бастысы, ілімге құштар жанға бар жағдай жасалған. Бүгінгі таңда дәм бұйырып, осындамыз. Ара-арасында атамекенді сағынамыз. Оның ішінде Алматының орны бір бөлек. Ойымыз, тілегіміз бен жүрегіміз – қазақ даласында. Бала күнім Қытайда өтті. Сонда тудық, өстік. Мектепті тәмамдап, Түркістанға оқуға түстік. Одан соң елорда университеттерінің бірінде магистр дәрежесін қорғадым. Өлгіде Алматыны текке айтпадым. Міне, дәл сол шаһарда азды-көпті жұмыс істеп те үлгердім. Қарап тұрсам, атамекенге деген құштарлығымыз ешқашан азаймапты. Мына дүниеде қазақтың өз елі барына іштей шүкіршілік етеміз. Жалғанда ұлтарақтай жерге жете алмай жүргендер қаншама! Сол себепті, қолдан келгенше ілім-ғылым үйреніп, тәжірибе жинақтау керек. Отанға оралғаннан кейін игергендерімізді іске асыру қажет деп санаймын. Осы жолда әрбіріміз жұмылған жұдырықтай болсақ, алынбайтын асу болмасы анық.

P.S.

Қазақта «Туған жерге туынды тік» дейтін аталы сөз бар. Қарап тұрсаңыз, таза шындық. Барлық ойды түйгенде айтарымыз осыған тіреледі. Әлемнің қай түкпірінде болсақ та, қасиетті Отанымызға кәделі іс жасау әркімнің парызы деп білеміз.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Оқыста олжа тапқан

Басына түскен алма арқылы жаңалық ашқан Ньютонның оқиғасын бәріміз білетін шығармыз. Алайда, оқыста олжа тапқан ғалымдар аз емес екен. Солардың бірі – Константин Фалберг.



Досбол
АТАЖАН

1879 жылы Константин Фалберг пен Ира Ремсен Джон Хопкинс атындағы университетте көмір шайыры туралы зерттеу жұмысын жүргізеді. Зертханадағы ұзақ жұмыс күнінен кейін қол жууды ұмытып кеткен Фалберг қолындағы нанның өте тәтті екенін байқайды. Қолымен ұстаған басқа тамақтардың бәрінде де дәл сондай тәттіліктің бәрін түсінеді. Бұл бір жаңалықтың шеті екенін түсінген ғалым зертханаға қайтып келіп, әртүрлі қосылыстарды араластыру арқылы тәжірибе жасайды.



Ақыр соңында ол орто-сульфобензой қышқылын фосфор хлориді және аммиакпен біріктіргенде, әлгіндегі тәтті дәмнің пайда болатынын анықтайды. Фалберг 1884 жылы өз жаңалығын «сахарин» деп атап, оны зерттеу жүргізуге көмектескен Ремсенді қоспастан патенттеп алады.

Сахарин қанттан шамамен 400 есе тәтті жасанды дәмдеуіш болып табылады. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі қант тапшылығына байланысты әлемде кеңінен қолданыла бастады.

Бүгінгі күні сахарин сусындарды, тіс пасталарын, сағыз бен дәрі-дәрмектерді және т.б. заттарды тәттілеу үшін қолданылады.

ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

Қылмыстың өтеуі – қашан да жаза

Бала зорлайтындардың жазасы қатайды



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында педофилдер туралы әр істі ерекше бақылауда ұстауды тапсырған болатын. «Балалар қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аудару керек. Біз кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейттік, бірақ бұл мәселе өзекті болып қалып отыр. Ондай қылмыскерлер барынша қатаң жазаға лайық, оларға рақымшылық болмауы керек, сонымен қатар мерзімінен бұрын да босатылу құқығы берілмеуі керек. Олар барынша қауіпсіздігі жоғары абақтыларда отыруы керек. Осындай әрі прокуратура органының ерекше бақылауында болуға тиіс», – деген еді Мемлекет басшысы өз Жолдауында.



Қазақстанда педофилдердің жазасын өтеу шарттары күшейтіледі. Бұған қатысты заң жобасын жақында Мәжіліс мақұлдады. Енді бұдан былай педофилдер арнайы кешірім бойынша мерзімінен бұрын босатылмайтын ауыр қылмыскерлер қатарына жатқызылады.

Педофилдерге рақымшылық жасалмайды және түрмеден мерзімінен бұрын босатылмайды. Бұл ретте Мәжіліс депутаттары педофилдердің жазасын қатаңдатуға бағытталған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ, олар жазасын қатаң режимдегі мекемеде ғана өтейді.

Аталмыш заң жобасы Президенттің осы Жолдауының жекелеген ережелерін іске асыруға бағытталған. Заң жобасын талқылау барысында Ішкі істер министрінің орынбасары Марат Қожаев жаңа түзетулер бұған дейін сотталған педофилдерге қатысты болмайтынын атап өтті.

«Қазіргі күні сотталып, мерзімі реттелген адамдар бұрынғы мекемелерде өздерінің жазасын өтей береді. Яғни бұған дейін сотпен тағайындалған жаза сол күйі қалады. Бұл норма жаңа заң күшіне енгеннен кейін қылмыстық жауапқа тартылғандарға қолданылады. Сол кезде олар қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерде жазасын өтейді», – деп түсіндірді ол.

Қожаевтың айтуынша, қазір кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық сипаттағы қылмысы үшін түрмеде 1870-тен астам адам жазасын өтеп жатыр.

«Оларға өлім жазасы да аз»

Ішкі істер министрінің орынбасары М.Қожаев өз сөзінде «кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық сипаттағы қылмысы үшін түрмеде 1870 педофил отыр», – деді. Яғни осынша бала педофилдің зорлығына ұшырады, осынша баланың болашағы бүлінді, осынша баланың балалығы жойылды, осынша баланың құқы тапталды, осынша баланың ата-анасы балаларының қорланғанын көтере алмай ауру болып қалды деуге болады.

Оның үстіне, соңғы кездері қоғамымызда ата-аналардың педофилдерге деген қарсылығы күшейіп келеді. Әсіресе, әлеуметтік желілерде олардың педофилге ауыр жаза сұрап, бас көтергенін жиі байқаймыз. Суретші Аңсаған Мұстафа: «Соңғы кезде педофилдер көбейді. Бұл ненің белгісі? Бұл еркектердің азғындығы, әлсіздігі, өмірден таяқ жеген жолы болмай қалғандардың, әлсіз балаға әлімжеттік жасап, дегеніне жетуі. Жұмыссыздық, еріккендіктен шыққан хайуандық. Менің ойымша, оларды емдеп керек емес, ол ауру емес. Мұны қатаң түрде жазалау керек. Ату керек!», – деп жазба қалдырды.

Кейде жәбірленушінің туыстары «педофилді қолымызға беріндер, жазасын өзіміз береміз» деп

Олардың дені – 1300-ге жуығы қатаң режимдегі мекемеде отыр. Бір бөлігі әлі тергеуде. Ал бұған дейін жазасы жеңілдетілгендер басқа режимдегі мекемелерде жазаларын өтейді.

Мәжіліс заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Заңның жаңа нормаларына сәйкес, орташа ауырлықтағы зорлық-зомбылық қылмысы ауыр қылмыс санатына ауыстырылды. 14 жасқа толмаған балаларға зорлық-зомбылық үшін 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе өмір бойы қамау жазасы көзделеді. Одан бөлек, педофилия фактілерін жеткізбеу, жасыру, бұрмалау үшін де жауапкершілік белгіленген. Бұл енді 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру мүмкін ауыр қылмыс болады.

Сонымен, енді бұдан былай педофилдерге шартты түрде мерзімінен бұрын босату сияқты жазаны алмастыру шаралары қарастырылмайды. Олар жазаларын толық өтейді. Осылайша жаңа кодекс педофилдер үшін барлық жеңілдіктерге жолды жауып тастады. Оларға шартты соттау, шартты түрде мерзімінен бұрын босату, зардап шегуші тараппен келісімге келу, ауыр жағдайларға душар болғандықтан немесе өз ісіне өкінетінін дәлелдей алғандықтан босату, өтелмеген жаза мерзімін айыппұлға алмастыру, жазасын балалары барын ескере отырып, кейінге шегеру, амнистия (кешірім беру) деген секілді жеңілдіктер қарастырылмайды. Бұл – өте құптарлық жағдай.

жатады. Бұл бүгінгі күні көпшіліктің педофил кесілетін жазаға көңілі толмағанының белгісі болса керек. Осыған орай, кейбір мамандар «педофилдің жазасы – өлім, сондықтан осы қылмыс түріне қатысты өлім жазасын енгізу керек», – деген пікірде.

Қоғам белсендісі Самат Нұртаза: «Педофилді тікелей эфирде, отқа жағу керек. Педофилдерге жай ғана өлім жазасы аз болар. Баланың өмірін мәңгіге қиратып, психикасын бұзған адамды жай ғана өлтіре салу оңай сияқты», – деген жазба қалдырыпты.

Ал заң ғылымының докторы, профессор Есберген Алауханов педофилді аса ауыр қылмыстардың қатарына жататындықтан, мұндай қылмысқа барғандарды ең ауыр жаза – өлім жазасына кесу керектігін айтады.

– Педофилдердің белең алып бара жатқанының өзі қылмыскерлерге деген жазаның жеңілдігінен туындап отыр. Көршіміз Қытай елінен бастап, мұсылман елдерінің көбісі мұндай қылмыс түрлеріне ауыр жаза тағайындаған. Біз де солардан үлгі алуымыз керек. Негізі, қылмыскерлерге ауыр жаза қолданудан қашудың мүлдем қажеті жоқ, – дейді ол.

ка бойынша, ресейлік педофилдердің 97%-ы түрмеден шыға салысымен жаман жүрісіне белсене кірісіп кетеді екен. Германияда қазіргі таңда 50000-нан 250000-ға дейін педофил бар. Жылына 15 мыңнан аса бала шабуылға ұшырап жатады. Немістер азғындарды қылмыстық деңгейіне қарай 6 айдан 10 жылға дейін соттайды. Тек зорлық үстінде кісі шығыны болса ғана өмір бойғы түрме жазасы кесіледі. Қытай, Таяу Шығыста, Африка, Латын Америкасы мен Иран, Ирак, Оңтүстік Корея, Сауд Арабиясында баланы зорлағаны дәлелденсе, бірден өлім жазасына кеседі. Үндістан үкіметі де 12 жасқа дейінгі қыздарды зорлаған педофилдер үшін өлім жазасын енгізді. Иранда педофилді жұрт алдында дарға асады немесе атып тастайды. Кореяда педофилді өз құрбаны өлтіреді. Мәселен, кінәліге ату жазасы белгіленсе, зорланған бала сол ату командасының құрамында болады. Африканың кейбір елдерінде педофилдерді, тіпті тірідей жағып жібереді.

(Бұл әлемдік тәжірибе ашық дереккөздерден алынды).

ПІКІР

Амантай қажы АСЫЛБЕК:

Посткеңестік республикалар үлкен дағдарысты бастан кешуде. Қырғызстанда, Арменияда, Грузияда, Молдовияда шиеленістер екі рет қайталанды. Енді міне, бұл жағдай бізде де орын алды.

Мұның барлығы жемқорлықтың кесірінен болып отыр. Олигархтар өз елінің байлығын тонауды ар санамайтын болды. Бірде-бір кияр өсірмеген «бизнесмендер» миллиондаған ақшаны алып, шет елге қашып жатыр. Айта берсек, мұндай мысалдар өте көп. Өкініштісі сол, біреу елді тонап қашып кетеді, ал оның зардабын қарапайым халық тартады.

Жемқорлықтың, жұмыссыздықтың, табыс табудағы алшақтықтың арты жақсылыққа апармайтынын Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та айтты. «Байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық шектен тыс деңгейге жетті. Сіздер жақсы білетін жемқорлық аясында (ал кәсіпкерлерге бұл құбылыс шын мәнінде жақсы таныс) табыстағы бұл алшақтық қоғамда «отқа май құюмен» тең болды. Мұны террористер, содырлар мен қастандық жасаушылар да пайдаланып кетті», – деді Мемлекет басшысы.

Әрине, онда агрессивті элементтер болды. Олар қаланы жоюға және өртеуге шақырды. Бұлар патриоттар емес. Осы ретте ҰҚК басшысы тұтқынға алынды. Өкінішке орай, шет елде бой тасалап жүрген біздің бизнесмендеріміз

Үлкен ЖҰМЫС атқару керек



халықты билікке айдап салып отыр. Франциясында жасырынып отырып, елді қанға бөктірілді. Ол Еуропаның жылы кеңсесінде отырып алып, елді бүлікке итермелеп отыр.

Алматыда 149 адам қаза тапты. Бұл – өте қайғылы жағдай. Мәйітханадан 41 мәйіт ұрланған. Дегенмен, біз бәрібір оларды исламның барлық заңдары мен рәсімдеріне сәйкес жерлеуіміз керек. Ұлы Отан соғысы кезінде де жауынгерлер қаза тапқан серіктестерін жерлеуі үшін шайқастар арасында тыныштық сақтаған сәттер болған.

Бұл ретте мен Қасым-Жомарт Тоқаевқа осы қиын-қыстау күндердегі табандылығы мен батылдығы үшін алғысымды білдіремін. Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан құрамыз» деді. Ол үшін жемқорлықпен аяусыз күресу керек. Жаңа Қазақстанды құру үшін билік құрылымында үлкен жұмыс көлемін атқару керек.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Еңбегім еш кетпесін десеңіз...



Досбол
АТАЖАН

Халқымыз «түсі игіден түңілме» дегендей, жұмыс берушінің сөзіне сеніп, ресми құжат жасауға асықпайды. Алайда, ондай бейкамдықтың кесірі болмаса, пайдасы жоқ екенін көріп отырмыз.

Еңбек шарты болмаған жағдайда жұмысшы сот алдында өз еңбегін тек куәгер арқылы ғана дәлелдей алады. Оның өзінде үшінші адам тек жұмыс беруші мен жұмысшының арасында келісім болғандығына ғана куәлік береді. Еңбек шарты жоқ жұмысшы тарапына шешім шығарылса, сот ең төменгі жалақы мөлшерін не белгіленген аумақтағы сол мамандық бойынша орташа жалақыны тағайындайды. Яғни сіз бастапқы келіскен ақшаңызды жеңіске жеткеннің өзінде ала алмайсыз. Сондықтан еңбек шартын сауатты жасау мен өз құқығыңызды білу – бүгінгі қажеттілік.

Еңбек шарты Еңбек кодексінің 2-бөлімінің 4-тарауында көрсетілген баптар бойынша жасалады. Шарттың негізгі мазмұны осы кодекстің 28-бабында көрсетілген. Солардың негізгі тұстарымен сіздерді таныстырып өтейік:

- жұмыстың орындалатын орны болуға тиіс. Қашықтан жұмыс істеу кезінде қашықтан аралас жұмыс істеуді қоспағанда, жұмыстың орындалатын орны көрсетілмейді;
- еңбек шартының мерзімі;
- жұмыстың басталу күні;
- жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі;
- еңбекке ақы төлеу мөлшері мен өзге де шарттары;
- егер жұмыс ауыр жұмыстарға жататын болса және (немесе) зиянды және (немесе) қауіпті жағдайларда орындалатын болса, еңбек жағдайларының сипаттамасы, кепілдіктер мен жеңілдіктер;
- жұмыскердің құқықтары мен міндеттері;
- жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері;
- еңбек шартын өзгерту мен тоқтату тәртібі;
- жасалу күні мен реттік нөмірі болуға тиіс.

Еңбек шартын жасасқанда осы тармақтардың барлығы көрсетілген болуы тиіс. Сонымен қатар, шарттың бір данасы жұмысшыда қалатынын ескерген жөн.

Жалақының уақытылы ала алмаған жағдайда алдымен еңбек инспекциясына шағым білдіру керек. Себебі, сот еңбек инспекциясы тексермеген істерді кері қайтарып жібереді.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 10 айға – 6005 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 10 айға – 16205 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 10 айға – 4405 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● ҚАЛА-ҚАРБАЛАС



ҚАР ТАЗАЛАУ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРДІ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда демалыс күндері қар жауған болатын. Көктайғақтың алдын алу мақсатында қар жауа салысымен жолдарға, жол қиылыстарына, жолайрықтардың құлама-ларына көктайғаққа қарсы материалдар себілді.

«Сағат 18.00-дегі жағдай бойынша 23 тонна көктайғаққа қарсы материалдар пайдаланылды. Тро-туарларды, жаяу жүргіншілер аймақтарын, қоғамдық көлік аялдамаларын және басқа да жалпы пайдалану орындарын тазалауға ерекше көңіл бөлінді», – делінген Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасының хабарламасында.

619 бірлік арнайы техника, оның ішінде 203 құм-шашқыш және 1410 жол жұмысшысы жұмылдырылды. Аудан әкімдіктері мен қала әкімдігінде қар тазалау жұмыстарының өндірісін бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.



● ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ҚАҢТАРДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:

I компонент: 627 629

II компонент: 328 636

Жасөспірімдер

I компонент: 512 089

II компонент: 267 523

Жүкті әйелдер

I компонент: 25 705

II компонент: 15 837

Бала емізетін аналар

I компонент: 80 383

II компонент: 45 265



● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды. ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
259-88-99 (ішкі 20500,
20018) телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.

БАҒДАР

ПРОГРАММИСТ



бүгін мен болашақтың мамандығы

Нұрлан ӘБДІКӘРІМ,
программист:

– Программист – бүгін мен болашақтың мамандығы. Бұл саланың мүмкіндігі шексіз. Егер қажетті білім мен тәжірибе болса, қандай бағдарлама жасайтының тек өз қиялыңмен шектеледі. Қаржылық тұрғыдан да жас мамандар үшін өте тиімді. Бағдарламашы негізінен жеке жобалармен айналысады. Бірақ мен сияқты компания қызметкері ретінде жұмыс істейтіндер де аз емес. Әсіресе, Алматы қаласында бағдарлама тілін білетін білікті мамандарға деген сұраныс жоғары.

Біздің елімізде бұл саланың жоғары қарқынмен дамып келе жатқанына өте қуаныштымын. Алдыңғы буын ағаларымыздың алды Facebook, Google сынды әлемдік бірлестіктерде жұмыс істеп, отандық мамандардың біліктілігін көрсетуде. Келешекте осындай компаниялардан тәжірибе алып, адамзатқа пайда әкелетін бағдарлама жасау – менің мақсатым.



Айжан СӘКЕНҚЫЗЫ,
IT студенті:

– Мен IT университетінде программист мамандығында оқимын. Бұл шешіміме ешқашан өкінген емеспін. Оқу бітірген соң жұмыс тапшылығынан қиындық болмайды деп ойлаймын. Біздің сала елімізде өте үлкен қарқынмен дамып келе жатыр. Отандық программистер WhatsApp пен YouTube желісінің қазақша баламаларын: Aitys, Aitube қосымшаларын жасап шығарды. Ендігі кезекте, бүкіл әлем қолданатын бағдарламалар жасайды деп үміттенеміз. Соңғы уақыттары мемлекеттік серверлерге хакерлік шабуылдың жиілеп кеткенін де білеміз. Осы тұста еліміздің құпия құжаттары бөтен қолға түспеуі үшін де мықты мамандар керек. Сондықтан мемлекетіміздің ақпараттық қауіпсіздік қызметіне жауап беретін арнайы программистерді дайындап жатқанын дұрыс деп ойлаймын.



Дайындаған Досбол АТАЖАН.

Сұрағыңа тізбектеп тұрып жүздеген жауап табатын бағдарламалар бүгінде ешкімді таңқалдырмас. Әлеуметтік желілер, пайдалы қосымшалар, жасанды интеллект біздің өміріміздің бір бөлшегіне айналды. Ал оларды құрастыратын программистер қоғамдағы ең бағалы мамандардың қатарына қосылды. Өз Отанымыздың жастары да бұл салаға қызығушылық танытып, қыр-сырын меңгеруде.

ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР

Ақша философиясы неде?

Атақты сәнгер әрі өз заманының ауқатты адамы Коко Шанель: «Мен адамдарды ақшаны ұстауларына қарап бағалаймын. Ақша – мақсат емес, ол адамның қателескен, қателеспегенін білдіретін дәлел», – депті. Иә, мұны екі мағынада да ұғынуға болады. Астары терең, айтар ойы тым ауқымды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Тұңғыш монета. Бұны даңқты қолбасшы Александр Македонский есімімен байланыстырады. Ол өзінің атынан монета соқтырған. Оған және өз есімін ойып жаздырған көрінеді. Түркіше атағанда, Ескендір патшаға бұл жайында ақыл-кеңес берген данышпан-ойшыл Аристотель болған деседі. Сол уақыттың өзінде мына шеті Африка, арғысы Грекия аймағы қолданыпты.

Ал монеталардың ерекшелігі шыдамдылығы мен ұзақ мерзімділігінде болып табылады. Ондағы символдар қай дәуірде пайдаланылғандығынан сыр шертеді.

Әлемде жер-жаһанды жаулауға тырысқан патшалар аз болмады. Соның бірі – Римді билеген Юлий Цезарь патша. Ол да өзінің бейнесімен монета шығарған. Нақ сол ежелгі дәуірде осылай жасау ұлылықтың белгісі саналған.

Қағаз ақшаның бастауы. Алғашқы қағаз ақша Ежелгі Қытайда пайда болған. Тарихи деректерге қарағанда, оны қытайлықтар жасаған. Бұл өнім монеталарға қарағанда ыңғайлырақ болған деседі. Құнды қағаздар 812 жылы пайда бола бастады. Аталған жаңалық көпестердің ісін жеңілдетті. Банкноттарды шығарған «Сун» патшалығы болатын. Олар үшін тиімдісі осы болды. Өйткені, монета шығарып, оған біршама күш жұмсаудан гөрі жеңіл әрі ыңғайлы түрін пайдалану оңайға соқты. Осылайша дами берді.

Заманауи ақша. Ашық дереккөздерде 1934–1939 жылдар арасында шыққан делінеді. Осы күнгі қолданыстағы банкноттарды Америка басып шығарды. Сөйтіп, оны барлық жерде қолданысқа енгізді. Бұл ғажайып уақыт 1939 жыл еді.

Төл валюта тарихы. Бәрімізге аян, біздің ұлы даламызда небір тарихи оқиғалар өткен. Сонау Сақ, Ғұн, Түркі, берісі Алтын Орда, Қазақ хандығы тұсында теңге соқтырған. Айырбаспен қатар ақша да қолданылған. Әрине, өз дәуіріне қатысты әртүрлі сипатта аталған. Кешегі кеңес заманында рубль аймағында болды. Оның бәрі тарих қойнауына кетті.

Қазақ елі Тәуелсіздігін алған тұста өзінің төл валютасын шығаруды қолға алды. 1993 жылы «Теңге» деген тарихи



атаумен өз ақшамызды жасадық. Мұның тарихы көпке мәлім. Дәп сол шақта ұлы даладан шыққан ұлы тұлғалар купюраларға бейнеленді. Содан бері бірнеше мәрте өзгерді. Өрленді. Әлем бойынша «ең әдемі ақша» деген номинацияны да иеленді.

Ақшаға қатысты ырым-тыйымдар. Ең қызығы мынада. Біздің тіршілігімізге ақшаның сіңіп кеткені соншалық – ырым-тыйымдар пайда болғанына куәміз. Мәселен, «Түнде ақша беруге болмайды» деп жатады. Бұл ақшамен бірге оның қасиеті, яки байлығы сол адамға көшіп кетеді дегенді ұғындырады. Сауда-саттық саласында ақшамен тауарлар мен заттарды сипап (ырымдап ұрып) қояды. Мұның сыры қаражат көбейіп, табыс артсын дегенді білдіреді. Қысқасы, осылай жалғаса береді.

Сондай-ақ, Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ұлттық нақышта безендірілген монеталардың айналымға енетіні көңіл қуантады.

Тобықтай сөздің түйіні: Роберт Кийосаки «Ақшаның құлы болуға да, биі болуға да болады» дейді. Дүние жүзіне танымал бизнесменнің ойымен толықтай келісуге негіз бар. Жоғарыдағы пікірлерді бір арнаға тоғыстырып, даралап, саралағанда, осыған саяды. Ақшаның философиясын түсіну әркімнің өзіне ғана аян. Бастысы, еңбек ақ, табыс адал болғай! Сонда диттеген мақсатқа маңдайы жарқырап жетері анық.



Әріден қозғайық. Ақша, сөз жоқ, магиялық қасиетке ие. Тіпті, адам баласын танымастай өзгерте алатын тылсымдығы бар. Оны жоққа да шығару мүмкін емес-ті. Дәлірек, жақсы жағынан немесе осыған қарама-қарсы бағытқа бұруы да ықтимал. Біздер өмір сүріп отырған заманауи қоғамды ақшасыз елестету қиын. Бұның дәлелі ретінде экономикалық ахуалды алға тарта аламыз.

Егер де ақша болмаса, көптеген мамандық жойылар еді. Сонымен қоса, орта ғасыр, одан әргі есте жоқ ескі заманға тап болғандай болар едік. Қазір осы терминді жоғалту электр жарығын шамға алмастырғанмен тең болғандай болар еді.



ВАЛЮТА БА-
ҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 485,05 теңге

\$ USD/KZT 434,26 теңге

₽ RUB/KZT 5,61 теңге

¥ CNY/KZT 68,06 теңге